

ЖАСТАРДЫҢ ЕҢСЕСІН КӨТЕРУ МАҢЫЗДЫ



Нашақорлық пен маскүнемдіктің қатарына бұл індеттің ілінгеніне де біраз болды. «Игромания», «лудомания» деген ресми атауынан-ақ аса оңай дерт емес екені аңғарылады. Қайсысы болса да, отбасына, жақындарына, қала берді тұтастай бір қоғамға зауал, залал, ауыр қайғы-қасірет әкелетін апат дерсіз. Соңғы бес-алты жылдың көлемінде бұл мәселедегі көрсеткіштер күрт өсуде. Қазіргі таңда бұл аурудан талай отбасы ойран болып, кейбірін мерт қылғанын да көзіміз көруде.

(Соңы 5-бетте)

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ ТАРАПТАРДЫҢ НЕГЕ КӨҢІЛІ ТОЛМАЙДЫ?

Әкімшілік әділет институтының қолданысқа енгізілгеніне бір жыл болды. Осы уақыт аралығында Әкімшілік рәсімдік-процестің кодекстің маңызын түсіндіріп, жаңа әкімшілік соттардың жұмысын жандандыруда ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімшілік соттарды құру барысында алға қойған мақсаттардың ең негізі жария құқықтық дауларда азаматтар мен бизнесті мемлекеттік органдардың теріс әрекетінен қорғауда жақсы нәтижелерге қолжеткізілді. Оған статистикалық көрсеткіштерді саралап көз жеткізу қиын емес.

Бір жыл ішінде соттың карауына түскен әкімшілік істер бойынша әрбір екінші істе талап қоюшылардың талаптары қанағаттандырылып, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары қалпына келтірілген. Осы санаттағы істердің бұрын 80 пайызынан астамы мемлекеттік органдардың пайдасына шешіліп келген. Бұл көрсеткіш әкімшілік соттардың үдеден шыққанын, халық сеніміне не екенін дәлелдейді.

Бүгінге дейін атқарылған жұмысты қорытындылау әкімшілік әділет институтының жетістіктері мен кемшіліктерін сараптауда, алдағы атқарылар шараларды пысықтауда маңызды. Жаңа соттарға түскен талап қоюлардың мазмұнына қарап мемлекеттік органдардың, әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың қызметінің сапасын әлі де жетілдіру керектігін аңғаруға болады.

Әкімшілік соттарда қаралған істердің басым бөлігін сот орындаушылардың әрекеттері мен әрекетсіздігіне қатысты даулар құрайды. Бұл барлық аймақта қалыптасып отырған жағдай. Статистикалық мәліметтер бойынша, әкімшілік соттарда таразы басына түскен істердің үштен бірін сот орындаушылардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне байланысты шағымдар құраған. Сөзіміз дәлелді болу үшін Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының деректерін келтіре кетейік. 2021 жылдың екінші жартыжылдығында сотқа жеке сот орындаушыларға қатысты 89 талап қою туралы арыз түскен. Былтырғы жылмен салыстырғанда, биылғы жылдың алты айында жеке сот орындаушылар әрекетіне шағымданушылар азая қоймады. Керісінше, 2022 жылдың 6 айында сот орындау-

шылар ісіне көңілі толмағандардан 93 талап қою арызы түскен.

Ерекше атап өтерлігі, соңғы уақытта жария-құқықтық даулар бойынша тараптардың бітімге келуі, өзара татуласу дерегі көбейген. Биылғы жылдың алты айында 32 әкімшілік іс бойынша тараптар медиациялық келісімді бекіткен. Сонымен қатар, алдын ала тыңдау барысында даулары өзара шешіліп, талап қоюларын қайтарып алу фактілері де жиі орын алды. Бұл әкімшілік соттардың тараптарды татуластыруда, дауды бітімгершілікпен бітіруде оң тәжірибе қалыптастырғанын көрсетеді. Сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестің кодексіне жаңадан енгізілген соттардың белсенді рөлі қағидатын кеңінен қолданудың нәтижесі. Жалпы, жеке сот орындаушыларға қатысты арыз-шағымның көбею себебі – азаматтар жеке сот орындаушылардың әрекетіне көңілі толмаса, әрекетсіздігіне тап болса, бірден сотқа арызданады. Бұл дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің заңнамалық тұрғыда қарастырылмауына байланысты. Егер азаматтар алдымен аумақтық сот сорындаушыларының палатасына жүгініп, мәселені шешуге тырысқанда, мұндай істердің басым бөлігі сотқа жетпей шешілетін еді.

(Соңы 4-бетте)

СҮЙІНІШ!

БАЙҚАУ!
БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!

Мәди ТОҚАНОВ,
ҚР ДМ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК Павлодардағы филиалының аға дәрігері:

«ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚҚА САЛЫНҒАН БАЛАЛАР САНЫ АРТЫП БАРАДЫ»

– Құмар ойындардан қалай аулақ болу керек? Адамдар неліктен оған бейім?

– Ең алдымен, адам құмарлықты іштей сезіне білуі керек. Ал ойынның құрбаны болғандар оны кеш сезінеді. Олар ойынның соңына түсіп, қолында барды бәске тігіп, өзінің іс-әрекетін басқара алмай қалған кезде ғана құмарлыққа беріліп кеткенін сезінеді. Ондай кездегі науқастың басты белгілері: мазасыздық, ұйқы қашуы, көңіл күйдің болмауы, психикалық күйзелістер: күйзеліс (депрессия), апатия. Сонымен қатар, науқастың физикалық тұрғыдағы өзгерісін ересек және бала деп қарастыра аламыз.

Мәселен, ересек науқаста үйдегі заттардың жоғалуы мен несие санының артуы сияқты белгілер болса, құмарлыққа берілген науқас балада күні кешке дейін компьютер, ұялы телефонмен отыруы, егер оларды өшірсе, көңіл-күйінің болмауы, ұрсысу, ата-анасымен сөйлеспеуі сынды көзге айқын білінетін белгілері болады.

(Соңы 5-бетте)

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ
БЕЛГІЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Қылмыс орын алғаннан кейін жауаптылықтың туындайтыны қалыпты жағдай. Жауаптылықты тек қылмыскерге берілетін жаза деп тар шенберде қабылдамау керек. Мұның артында ортақ мүдде, мемлекеттік ұстаным жатыр. Себебі, жаза біріншіден, қоғамдағы әділдікті, тазалықты, теңгерімді сақтау үшін керек. Жазасыздық орын алса заңдылық бұзылады, азаматтардың әділдікке, төрелікке деген сенімі азаяды. Жазасыздықтың жаңа қылмыс тудыратыны дәлелденген қағида. Екіншіден, жаза қылмыс жасаған азаматты тәрбиелеуді, ортаға қосуды көздейді. Себебі, еліміздің бас құжаты – Конституцияның бірінші бабында көрсетілгендей, «мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның құқығы мен бостандығы». Сондықтан, еліміздің заңдары теріс қадам жасаған азаматтарды соттауға емес, тәрбиелеуге, қатесінен сабақ алуына мүмкіндік беруге негізделген. Үшіншіден, жаза қылмыстың алдын алу мақсатында, қоғамды жаман әдеттерден таза ұстауға бағытталған. Бір қылмысқа жаза тағайындау арқылы өзгелерді де қателік жасаудан, ала жіпті аттаудан сақтандыру басты міндет.

Қылмыстық жауаптылықты белгілегенде есте ұстайтын қағида аз емес. Соның бастысы кінәсіздік презумпциясымен байланысты. Оған сәйкес, қылмысы дәлелденбеген азаматты қылмыскер деуге ешкімнің қақысы жоқ. Бұл жерде соңғы кесімді айтатын – сот. Конституцияның 75-бабында көрсетілгендей «ҚР сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады». Өкінішке қарай, бас құжаттың дәл осы бабын жұртшылық ескере бермейді. Соның кесірінен сот үкімі шықпай-ақ азаматтарды қылмыскер, сотталушы, айыпты деу белең алуда. Жалпы, қоғамда сот үкімі шықпай тұрып ешкімді қылмыскер деп атауға болмайтынын ұғындыру маңызды.

Адам тағдырына төрелік жасайтындықтан судьяның жұмысы күрделі де жауапты. Өсіресе, қылмыстық істерді таразылау, кінәлілерге жаза белгілеу майдан қыл суыргандай көрегендікті, туралықты талап етеді. Сондықтан да қылмыстық жауаптылықты саралаған судья сотта тараптарға теңдей құқық беріп, әркімнің өз сөзін тыңдатуына жағдай туғызады. Сонымен бірге, Конституцияда айқындалған «айыпталушы



өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес», «ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес», «заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес», «қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді» деген басты принциптерді негізге алады.

Джек Лондон «Жаза күнә жасағысы келмегендерге сабақ болуы тиіс» деген екен. Осы бір дана сөздің астарында әділ жаза қоғамды ойландырады деген тәмсіл жатыр. Ал жаза әділ болып, сотқа деген сенімнің бөлшегіне айналуы үшін судья сот процесінде айтылған әрбір сөз, ұсынылған кез келген деректі жүрегінен өткізіп, терең талдағаннан кейін ғана бір тоқтамға келгені жөн. Жаза тағайындау барысында судьялар ең алдымен еліміздің Конституциясын, Қылмыстық кодекстің, заңдарын басшылыққа алады. Сот үкімдерінің бірыңғай тәжірибесін қалыптастыру мақсатында Жоғарғы Соттың бастамашылығымен арнайы нормативтік қаулылар шығарылады. Бұл құжаттар әр судьяға көмекші құрал іспеттес. Осы нормативтік қаулылар судьяларды қателік жасаудан сақтандырады, заңды дұрыс қолдануға дағдыландырады.

Жаза тағайындау кезінде қылмыс-

тық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі басты назарда тұрады. Сондай-ақ, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы зерделенеді. Жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды таразы басына салу да басты өлшемнің бірі. Бұған қоса, тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы да жан-жақты ескеріледі. Осының өзі қылмыстық жауаптылықты белгілеудің қаншалықты күрделі екенін, ол тек заңға ғана емес, арға, ішкі түйсіктің таразысына салынатынын аңғаруға болады.

Соңғы жылдары сот саласындағы реформалар заңдарды ізгілендіруге бағытталғаны белгілі. Соның нәтижесінде еліміз өлім жазасынан бас тартқан санаулы мемлекеттер қатарына қосылды. Одан бөлек, алғаш рет заңбұзушылық жасаған, абайсызда қылмыс жасаған азаматтардың да түзелуіне, қоғамға бейімделуіне жағдай жасалып отыр. Тек бостандықтың қадірін жаза басқандар түсінсе дейміз.

Б.ТОКБАЕВ,
Жаңаөзен қалалық сотының
төрағасы

СОТ СӨЙЛЕСІН

МАҚСАТ – ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕ ИЕ БОЛУ



Заман көші алға жылжыған сайын, сот саласы да жаңғырып, жанару үстінде. Қоғамның дамуынан кенже қалмас үшін салада түрлі реформалар қолға алынып, жаңа бастамалар тәжірибеге толассыз енгізіліп келеді. Үздіксіз іске асырылып жатқан реформалардың негізгі мақсаты – халық сеніміне ие болу. Сенім – сот қызметінің талапқа сай екенін, көпшіліктің көңілінен шығып отырғанын айқындайтын негізгі көрсеткіш.

Сенімді нығайту бойынша жасалған жұмыстар ауқымды. Оның негізгі бағыты заңдарды қоғам сұранысына сай жетілдіріп, толықтырумен байланысты. Көпшіліктің көңілінен шықпағандардың ғұмыры қысқа. Өсіресе, соңғы жылдары азаматтық қоғамның белсенділігі жоғарылап, соның нәтижесінде заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар жиі енгізілуде. Көпшілік жаңа заң жобаларын талдап, пікір қосуға да ерекше ынта танытып жүр. Бұл азаматтардың құқықтық сауатының өскенін, жаңа қабылданатын заңдардың сапасына немқұрайды қарамай-

тынын көрсетеді. Өркениетті, дамыған елдердегі пікір қайшылығы, ұсыныс айту еркіндігінің біздің елімізде де орын алуы қуантарлық жағдай. Себебі, ақиқат таластан туады. Сәйкесінше, азаматтардың пікір алмасуы заңдарды неғұрлым сапалы дайындауға септігін тигізері талассыз.

Сот реформаларында халықтың тілек-талабын тыңдап, ұсыныс-лебізін қаперге алу бірінші орында тұр. Мұны Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов алғашқы қадамынан-ақ аңғартқан болатын. Бүгінде біз басшылыққа алып отырған «Сот төрелігінің жеті түйіні» стратегиялық бағдарламасының көпшілік пікірін ескере отырып жинақталғанын бәріміз білеміз. Төрағалық қызметін көпшілікке үндеу жасаумен бастаған Жақып Қажыманұлы сот саласын халыққа жақындату үшін әрбір пікірге назар аударатынын, әрбір ұсыныстың маңызды, бағалы екенін ашық айтқан болатын. Үндеуге үн қосқандар қатарында қарапайым азаматтардан бастап заңгерлер, адвокаттар, ғалымдар, мемлекеттік орган жетекшілері, депутаттар болды. Олардың әрқайсысы сот саласын кері кетіретін кемшіліктерді көрсетіп, түйткілді шешудің өзіндік жолын ұсынды. Яғни, «Сот төрелі-

гінің жеті түйіні» халықтық жоба.

«Кенескен істе кемшілік болмайды» дегендей, бірігіп жасалған жұмыстардың оң нәтиже беретінін қазіргі статистикаға қарап білуге болады. Мысалы былтыр республика бойынша соттарда күніне 5 мың шешім мен үкім шығарылған екен. Осыдан байқап тұрғанымыздай әр судьяға күніне орта есеппен 3 істен қарап келген. Ал осыншама жүктемеге қарамастан шығарылған шешім, үкімнің тек 8 пайызына тараптар жоғары сатыларға шағымданған. Мұның өзі төрелік алаңында ісі таразы басына салынған азаматтардың 92 пайызы алғашқы сатының жұмысына көңілі толғанын дәлелдейді. Сот шешімі дәл, үкім талассыз болған жағдайда, судьяның біліктілігіне, әділдігіне көзі жеткен кезде ғана азаматтардың жоғары инстанцияларға шағымданбайтыны белгілі. Ендеше, жоғарыдағы көрсеткіш соңғы жүргізілген сот реформаларының дұрыстығын айғақтайды.

Саладағы оң өзгерістерге сот жүйесіндегі цифрландыру үрдісінің де ықпалы аз емес. Бүгінде талап арыздардың 90 пайызы «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі арқылы қабылдануда. Сондай-ақ, «Цифрлық сот талдауы» IT сервисінің тараптарға пайдасы орасан. Жаңадан іске қосылып жатқан бұл сервис жасанды интеллект арқылы сотқа келіп түскен талап арыздар мен іс материалдары бойынша алдын ала сот шешімінің ықтимал нәтижесін болжай алады. Азаматтар сол болжамға қарап отырып әрі қарай соттасу немесе өзара келісімге келу туралы нақты шешім қабылдайды. Бұл да халық сенімін нығайтатын тетіктің бірі.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қапшағай қалалық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТІСІН
БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА
НЫСАНДАРЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

2019 жылғы 26 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

Онда кондоминиум объектісін басқарудың жаңа нысандарын құру тәртібі регламенттелген.

Кондоминиум объектісін басқару, оны күтіп-ұстауды қаржыландыру және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін тіркегеннен кейін кондоминиум объектісін басқару нысандарының бірін таңдайды:

- 1) мүлік иелерінің бірлестігі;
- 2) көппәтерлі тұрғын үйдің жай серіктестігі (жай серіктестік).

Кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдау не үй кеңесіне басқару нысанын таңдау туралы өкілеттік беру туралы шешім қабылдау пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының айрықша құзыретіне жатады (Заңның 42-1 бабы).

Заңның 43-1-бабына сәйкес жай серіктестік заңды тұлға болып табылмайды, тиісінше мемлекеттік тіркеуге жатпайды. Бұл ретте мүлік иелерінің бірлестігі мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады (Заңның 44-бабы).

Мүлік меншік иелерінің бірлестігін (ММИБ) мемлекеттік тіркеу үшін әділет органдарына мына құжаттар ұсынылады:

- 1) Әділет министрлігі белгілеген нысын бойынша өтініш;
- 2) жиналыс хаттамасы;
- 3) мүлік меншік иелерінің бірлестігінің жарғысы;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат.

ММИБ жарғысында мына мәселелер қамтылуы тиіс (Заңның 44-2 бабы):

мүліктің меншік иелері бірлестігінің атауы, қызмет нысаны мен мақсаттары, орналасқан жері;

басқару органдарының құрылымы, оларды қалыптастыру тәртібі және құзыреті;

пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің құқықтары мен міндеттері;

мүліктің меншік иелері бірлестігінің мүлкін қалыптастыру көздері;

мүліктің меншік иелері бірлестігінің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

мүліктің меншік иелері бірлестігі таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі, оны қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату шарттары.

Мүліктің меншік иелері бірлестігінің жарғысында ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

Сондай-ақ, ММИБ қызметті Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 205 бұйрығымен бекітілген үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыра алады.

Пәтерлердің, көп пәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің хаттамаларын жүргізу тәртібі мен нысандары (келу тәртібі не жазбаша сауалнама жолымен жүргізілетін) кондоминиум объектісін басқару және ортақ мүлікті күтіп-ұстау жөнінде шешімдер қабылдау қағидаларында бекітілген.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар мүлік меншік иелерінің бірлестігін мемлекеттік тіркеу үшін аумақтық әділет органдарының орналасқан жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» КЕАК филиалдарына ұсынылады.

Қазіргі уақытта Ақмола облысының аумағында 220 ММИБ тіркелген.

Сонымен қатар, тіркелген және заң қолданысқа енгізілгенге дейін қызметін жүзеге асыратын үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің тұтыну кооперативтері, тұтыну кооперативтері (ПИК) көппәтерлі тұрғын үйді басқару жөніндегі қызметті 2023 жылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асыра алатынын атап өткен жөн.

Кейіннен ПИК барлық рәсімдерді сақтай отырып және әділет органдарында қызметін тоқтатуды міндетті түрде тіркей отырып жою қажет.

С.ЖУВАРОВА,
Тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету
және бақылау бөлімінің бас маманы

ҚАУІПСІЗ ЖОЛ

20 КҮНДЕ 6238 ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚ ТІРКЕЛГЕН

Облыс көлемінде 19 шілде – 18 тамыз аралығында өтіп жатқан «Қауіпсіз жол» айлығы іс-шарасының алғашқы 20 күнінде 6238 құқық бұзушылық анықталды. Тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысудың (ҚР ӘҚБтК-нің 463 бап) –14, жалған мемлекеттік белгі тағып көлік басқарудың (590.46)-5, медициналық қарап-тексеруден өтпеудің (ҚР ӘҚБтК-нің 590.8-б.) – 10, заңсыз қайта жабдықтаудың /590.7-бөлігімен/ – 182, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген /590.9-бөлігімен/ – 508, ұялы телефонмен сөйлесудің /591.1-бөлігімен/ – 223, жүргізушінің көлік құралын мас күйінде басқарудың /608-бабы/ – 63, қауіпсіздік белдігін тақпаудың /593.1-бөлігімен /– 1300, жаяу жүргіншіге жол бермеудің /600 бап/ – 153, құжатсыз автокөлік басқару /612.1-бөлігімен/ – 339, жаяу жүргіншілер жолағынан өтпеу /615 бап/ – 279, маневр жасау ережесін бұзу /595 бап/ –218 дерек анықталды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Қызылорда облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі



КӨЗҚАРАС

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН КӨТЕРУГЕ АРНАЛАДЫ

Үкімет халықтың әл-ауқатын көтеру, айлық жалақы мәселесін реттеу, әлеуметтік жәрдемақылар мен жұмыссыздықты азайту мақсатында көптеген бағдарламаларды қолға ала бастады. Мәселен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл басынан бері қоғамдағы әлсіз қорғалған топтарды анықтап, олардың әлеуметтік мәселелерін шешу, қарапайым халық арасында шағын және орта бизнесті дамыту істерін қолға алды. «Бизнестің жол картасы», «Бақытты отбасы» секілді мемлекеттік бағдарламалар жүзеге аса бастады. Мәселен, министрліктегі соңғы іс-шара нәтижелері бойынша «Отбасының цифрлық картасы» іске қосылмақ. Министрліктің мәліметінде бұл: «Отбасының цифрлық картасы – мемлекеттік кепілдіктер бойынша дербестендірілген отбасының базасы. Ол әрбір отбасының құрамы мен әл-ауқат деңгейіне қарай мемлекеттік кепілдік түрлерін алу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді», – делінген. Мысалы, бұл бастама аясында бір жасқа толмаған баласы бар отбасы бала тууы бойынша берілетін жәрдемақы алуға құқылы. Кәмелет жасқа толмаған төрт және одан да көп баласы бар отбасы бала 18-ге толғанша ай сайын жәрдемақы алады. Мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасы мүгедектігі бойынша берілетін жәрдемақы алуға болады.

Министрлік сондай-ақ, «Отбасының цифрлық картасын енгізу мемлекет тағайындаған жәрдемақыларды проактивті форматта, яғни төлем алушының өтінішін күтпей беруді көздейтінін

айта келіп, «Отбасының цифрлық картасының жұмыс алгоритмі келесі тәсілмен жүзеге асырылады – мемлекеттік кепілдік алуға құқығы бар отбасына Еңбек министрлігінен SMS-хабарлама жолданады. Онда азаматтың мемлекеттік кепілдік алуы мүмкін екені жазылған. Бұдан бөлек, SMS-хабарламада азаматқа мемлекеттік кепілдікті проактивті форматта тағайындауға келісу немесе келіспеу құқығы беріледі. Егер азамат келіскен жағдайда, онда оған жәрдемақы тағайындалады. Ол кейін төлем алушының шотына түседі», – дейді.

Аталмыш жоба 1 қыркүйектен бастап Отбасының цифрлық картасы жекелеген мемлекеттік кепілдік түрлері бойынша пилотты түрде жүзеге асырыла бастайды.

Одан бөлек, еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова жанында өңірлер бойынша еңбек инспекторларын жинап, бейнебайланыс бойынша кездесу өткізді. Оған Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және облыс әкімдері орынбасарларының, мемлекеттік еңбек инспекторлары түгел дерлік қатысты. Онлайн басқосуда өңірлердегі кәсіпорындарда еңбек дауын, жанжалдардың алдын алу, жұмысшылардың алдындағы берешекті өтеу, босатылатын жұмысшыларды жұмыспен қамту, өндірістік жаракаттану оқиғалары сөз болып, осы бағыттардағы мәселелер қаралды. Жергілікті құзырлы орган өкілдерінің ұсыныстары ортаға салынып, кешенді шаралар пысықталды.

Министр жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау және оларды әлеуметтік сақтандырумен қамтамасыз ету мәселелеріне, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тарту барысында қолданыстағы заңнама мен тәртіп, ережелерді қатаң сақтау қажеттілігіне ерекше назар аударды.

Министрдің тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы және біліктілік деңгейі мемлекеттік деңгейде соңғы кездері қатаң бақылауға алынған. Ақпараттық жүйенің дамыған заманында кез келген саладағы олқылық жылы жабылып қалмайды. Осы ретте, халықтың арыз-арманы мен талап-тілегі билік өкілдеріне уақытында жетуде. Десек те, бұл салада қордаланған мәселе көп. Солардың негізгілерінің бірі – қарапайым халық арасындағы масылдық көңіл-күй. Бізге ең алдымен осы кемшілікпен күресу маңызды. Ол үшін кез келген азамат отбасы алдындағы өз жауапкершілігін сезінуі тиіс. Өмірге ұрпақ өкілдерінен кейін, оны асырап жеткізу – ата-ана парызы. Үкіметтің әлеуметтік жәрдемақылары қай кезде де балаға ата-ананың орнын ауыстыра алмайды. Әлеуметтанушылар мен психологтар жұрттың масылдық көңіл-күйінен бөлек, шағын және үлкен көлемдегі несиелерге құмарлығын бүгінгі заманның өзекті проблемаларының қатарына қосады. Қазақ «Алмақтың да салмағы бар» дегенді орындай айтқан. Ертенгі табысы мен күнкөрісі бұлыңғыр бола тұра, пайызы бәленбай есе жоғары несиеге барып ұрынып жатқандарды тоқтатуға

әзірге қауқар болмай тұр. Несиеге той жасап, ұл үйлендіріп, қыз ұзататындар қатары пандемия кезінде азайғанда қуанған едік. Пандемия аяқталғалы осы үрдіс қайта жалғасын тапқанда, бұл ауруға дауа жоғын байқадық. «Қызымды ұзатқанда тағамын» деп алтын алқаны бір миллион несиеге алған әйелдердің де тірлігі тоғышар қоғамның диагнозымен дөп келіп тұр..

Жақында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қазақстандықтардың бір айда ғана банктерден 2 трлн теңге несиесі рәсімдегенін мәлімдеді. «2022 жылдың маусымында экономикадағы кредит 2,7 пайызға ұлғайып, 20,1 трлн теңгені құрады. 2022 жылғы маусым айында жеке тұлғаларға несиесі 2,9 пайызға, яғни 11,97 трлн теңгеге дейін артты. Ал заңды тұлғаларға несиесі 2,4 пайызға, 8,08 трлн теңгеге дейін өсті», – делінген агенттік мәліметінде. 2022 жылғы маусым айында ұлттық валютадағы кредит көлемі 1,9 пайызға, 18,25 трлн теңгеге дейін ұлғайды, ал шетел валютасындағы несиесі сомасы 11,8 пайызға, 1,8 трлн теңгеге дейін артты. 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша теңгемен берілген несиенің үлесі 91 пайызды құрады. «2022 жылғы маусымда 2,03 трлн теңгеге жаңа кредит берілді, бұл 2022 жылғы мамырға қарағанда 10,9 пайызға артық. 2022 жылғы маусымның қорытындысы бойынша банктердің экономикадағы несиесінің елеулі сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 10%), сауда (26), құрылыс (4%) және көлік (5%) салаларына тиесілі. Басқа салаларға

несиенің 29,7 пайызы бағытталған. «2022 жылғы маусымның қорытындысы бойынша, 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар несиенің үлесі кредиттік портфельдің жалпы көлемінің 3,6 пайызын құрады (2022 жылдың басында – 3,3%)». 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, Қазақстанның банк секторында 22 екінші деңгейдегі банк бар десек, қазақстандық банктер жарты жылда 355 млрд теңге таза пайдаға келген көрінеді.

Кез келген дамыған елдерде несиесі арқылы өмір сүретін адам көп. Алайда, қазақстандық жүйедегі несиені сұраусыз шарықтаған пайызбен алып, өтей алмай жүрген адам аз. Бұндай мәселелер банк саласын реттеуді, несиесі беру тәртібін қайта қарап қатандатуды талап етеді. Жоғарыда біз айтқан, масылдық көңіл-күйдің бір ұшы да осы несиелерге оңды-солды қолжетімділіктің кесірінен де деуге болады. Қазір шағын және орта бизнес өкілдерінен «Жұмыс істеуге ниетің алмады таб алмаймыз, бәрі тегін айлық алғысы келеді» немесе «көп ақша алып, сапасыз жұмыс істеп кеткісі келеді» дегенді көп естіміз. Осы тұрғыда, несиесі мен масылдық көңіл-күйде «апама жездем сай» боп тұрғандай. Сондықтан да, қарапайым халыққа адал еңбекке ұмтылып, жастарды өз білімі мен білігіне сенуге тәрбиелеу керек. Білімге ұмтылу – болашақтағы адал еңбектің кепілі. Адал еңбек мандай тердің өтеуімен келеді. Банкке, несиеге сүйеніп өмір сүру адам өмірін қиындата береді.

М.ҚҰРМАНБАЙ

БЕЛЕС

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ КЕҢЕСІНЕ – 9 ЖЫЛ

27 жылдық тарихы бар Қазақстан халқы Ассамблеясының ресми сайтындағы мәліметке қарағанда, елімізде 2786 Қоғамдық келісім кеңесі бар. Оның 14-і облыстық деңгейде, екеуі республикалық деңгейдегі қалаларда, 41-і өзге қалаларда, 169-ы аудандарда, 2426-сы ауылдарда, 134-і кәсіпорындарда жұмыс жасайды. Түрлі деңгейдегі бұл Қоғамдық келісім кеңестері мүшелерінің жалпы саны 25 093 адамды құрайды.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, ҚХА Қоғамдық келісім кеңестерінің негізі 2015 жылғы 23 сәуірде өткен ҚХА-ның «Қазақстан – 2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген тақырыппен өткен XXII сессиясынан басталады. Онда сөйлеген сөзінде ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Қоғамдық келісім біртұтас полиэтностық халық, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары, саяси партиялар, діни конфессиялар өмірінің басты ерекшелігі болуы тиіс. Қоғамдық келісім Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының ереже тұтар қалыбы болуы тиіс. Қоғамдық келісім тиімді инновациялық экономикаға негізделеді. Орта тап қоғамдық келісімінің дінгегіне айналады», – деген еді. Мерейтойлық сессия қарсаңында қол қойған ҚХА-ны дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының да жібек желісі – қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік екенін де ерекше атап өтті. Сондай-ақ, тұжырымдаманы табысты жүзеге асыру үшін қажет шаралар қатарында қоғамдық келісім мен әлеуметтік бастамалардың орталығы ретінде Достық үйлері жұмысының тиімділігін арттыруды; жастарды Ассамблеяның қоғамдық келісім қалыптастыру жөніндегі барлық деңгейдегі шараларына тартуды қамтамасыз етуді; Ассамблеяның туы астында барлық өңірлерде Қоғамдық келісім кеңестерін жасақтауды тапсырған.

Қоғамдық келісім кеңестерінің құқықтық негізі: ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң, «ҚХА даму тұжырымдамасын (2025 жылға дейін) бекіту туралы» ҚР Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 148 Жарлығы, «Қайырымдылық туралы» заң, «Медиа-тияуы туралы» заң, ҚХА Қоғамдық келісім кеңесі туралы үлгі ереже болып табылады.

Қоғамдық келісім кеңесі құрамына кіру ашық және ерікті болып табылады. Кенесті құру кезінде кандидаттардың аймақтағы немесе белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктің қоғамдық келісімді және ұлттық біртұтастықты нығайтуға қосқан үлесі, сондай-ақ олардың мүше ретіндегі міндеттері ескеріледі.

ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің функциялары: ағымдағы жағдайды талдау, аймақтағы әлеуметтік және басқа да жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу; тұрақтылықты, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту, мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу; ҚХА мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған азаматтық белсенділікті, қоғамдық бастамаларды, әлеуметтік маңызы бар жобалар мен бағдарламаларды қолдау; ардагерлерді,

кәсіподақтарды, жастар бірлестіктерін және басқа да қоғамдық ұйымдарды қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттауға және іске асыруға тарту; әлеуметтік үйкелісті болдырмауға оның ішінде келіспеушіліктер мен дауларды шешуге, әлеуметтік шиеленістер ошақтарының пайда болуына ықпал ететін жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға қатысу; пайдалы дамуға ықпал ету.

Маман пікірі:

Жақыпбек АЛТАЕВ,
философия ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры:



– *Бытырға дейін белсенді жұмыс істеп келген Қоғамдық келісім кеңестері туралы соңғы кезде ғана айтылмай қалды. Ол жақсы жұмыс істейтін болса, оның қызметінің елге пайдасы көп. Мәселенің бәрі оның қалай, қай деңгейде жұмыс істеуіне байланысты боп тұр. Яғни, кеңес жұмысының*

ашықтығы, ел азаматтарының онда қойып жатқан мәселелерінің қаншалықты жүзеге асып жатқаны қоғам үшін де маңызды.

Жалпы, Қоғамдық келісім кеңесі – шындап келгенде, жақсы идея. Тек оның механизмін жетілдіру қажет. Кемшілікті айта бергеннен ештеңе шықпайды. Жұмысы көріну керек. Бізде мәселе көп қой. Жер мәселесі, кешегі қаңтар оқиғасында да біраз проблема туындады. Қоғамдық келісім кеңесі керек нәрсе. Тек оның жұмысын дұрыс жолға қою керек деп ойлаймын.

Дамыған елдердің бәрінде Президент жанында осындай кеңестер бар. Олар елдегі ағымдағы жағдайға қатысты ақпаратты жинап, талдап, сараптамалық қорытынды жасап отырады. Бізде де біраз жыл бұрын Әлихан Бәйменов зиялы қауым өкілдері арасында бір ұйым құрған. Онда қоғамдағы мәселелер айтылып, оны шешу жолдары талқыланды. Бірақ кейін қосылған адамдар оны саясиландырып жіберіп, жұмысы тоқтап қалды. Сондықтан елдегі жағдайға қатысты көп ақпарат Президентке Қоғамдық келісім кеңестері арқылы жетуді керек деп ойлаймын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САҚТАНДЫРУ



МӘМС-тегі МӘРТЕБЕНІ «TELEGRAM» -нан АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне тұрғындардың әлі де болса толық қатыстырылмауы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның Түркістан облыстық филиалының мәліметінше, өңірде 1 млн 640 мыңнан астам тұрғын медициналық сақтандыру жүйесіне енгізілген. Ал, 380 мыңнан астам азамат әлі жүйеге тіркелмеген.

МӘМС жайлы халықты толық ақпараттандыру мақсатында AMANAT партиясы Түркістан облыстық филиалы және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өңірлік филиалы бірлесіп, тұрғындармен кездесу өткізді. Ашық диалог алаңына келген азаматтардың басым бөлігі сақтандыру жүйесіндегі мәртебені анықтау жолдары, жүйе арқылы медициналық қызметтерге жүгіну және өзге де сұрақтарға жауап алды. Қор өкілдерінің айтуынша, қазір жүйедегі сақтандыру мәртебесін бірнеше жолмен тексеруге болады. Ең қолайлы тәсілдердің бірі – «Telegram» әлеуметтік желісіндегі @SaqtandyruBot атауымен арнайы ашылған бот. Тіркелуден өткен соң, «Сақтандыру мәртебесін тексеру» бөлімі арқылы анықтау мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, сақтандыру мәртебесіне ие азаматтар өз тіркелген емхананың медициналық қызметтерін пайдалана алады. Аталған қордың облыстық филиалының директоры Асхат Бейсенбаев жаңа толықтырулар мен өзгерістер жайлы атап өтті. – Өзгерістердің бірі қыркүйек айынан басталып, дербес төлеушілер үшін ай сайынғы ең төменгі жалақы мөлшерінің 5%-ын яғни 3000 теңге көлемін құрайтын болады. Ал, берешегі жоқ дербес төлеушілер ай сайын төлеу құқығын сақтай отырып, жарна төлеуді жалғастырады. Дегенмен, жүйеге енгізілген азаматтар арасында жарнаны тұрақты төлемейтіндер, жеңілдік санатынан шыққандар және әлі күнге дейін жүйеге қатысу мәртебесі беймәлім адамдар да кездеседі. Осыған байланысты сақтандыру қорының филиалдарына аталған мәселені шешуге қатысты тапсырмалар жүктеудеміз. Сондай-ақ, ауыл-аймақтарда жедел медициналық көмек қажет болған жағдайда, «QOLDAU 24/7» мобильді қосымшасы жұмыс істейді. Онда бір реттік уақытша сақтандырылу үшін өтінім жіберуге болады. Мәртебені қолдануға 1 ай мерзім уақыт беріледі.

АМАНАТ партиясы Түркістан облыстық филиалының баспасөз қызметі

ТҮЙТКІЛ

(Соқы. Басы 1-бетте)

Осы мақсатта соттар мен сот орындаушылар платасының арасында осы санаттағы дауларды өзара келісіммен шешу, болдырмау мақсатында 2022 жылы меморандум жасалды. Меморандум шеңберінде сотқа түскен талап қою арыздары сот орындаушылардың палатасына арнайы бекітілген татуластыру комиссиясында қарау үшін жолданып келеді. Бұл тұрғыда жеке сот орындаушылардың әрекеттеріне қанағаттанбаған жағдайда, алдымен палатаға арызданып, ол жерде мәселе шешілмесе, сотқа жүгіну тәртібін енгізу тиімді болары сөзсіз. Сонда даулардың саны едәуір азаятыны анық.

Сот орындаушылар әрекетіне дау келтіру туралы істерді қараған кезде, олардың тарапынан жиі кездесетін кемшіліктер анықталып, олар бойынша тиісті шараларды қолдану үшін жеке ұйғарымдар қабылданады. Бұлардың көп бөлігі атқарушылық іс жүргізу тәртібін бұзу фактілеріне байланысты. Мәселен, егер атқарушылық іс өндірісін қозғау мерзімі өткен болса, сот орындаушылар атқару парағын заң талабына сәйкес қайтаруы тиіс. Дегенмен, сот



Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының төрағасы

ішінде төлейді. Егер сотталған адам айыппұлды сот белгілеген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, жазаны орындайтын орган (сот орындаушысы) айыппұлды мәжбүрлеп орындату жөнінде шара қабылдайды. Яғни, айыппұлды сот белгілеген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда ғана жеке сот орындаушы айыппұлды мәжбүрлеп орындату жөнінде шара қабылдауы тиіс. Алайда, сот орындаушылар белгіленген мерзім өтпей айыппұлды мәжбүрлеп орындау шараларын қолданған фактілер орын алған.

Сонымен қатар, осы істерді қарау барысында тараптар арасындағы бекітілген келісімшартты жарамсыз деп тану туралы сот шешімдері бойынша атқарушылық іс өндірісі қозғалған жағдайлар кездесті. Бұл тұрғыда келісімшарттар жарамсыз деп сотпен танылса, сот актісінің бұл бөлігі бойынша, сот шешімі заңды күшіне енген уақыттан бастап, келісімшарт жарамсыз болып табылады. Яғни, ол бойынша атқарушылық өндіріс қозғалмайды. Осы себепті негізсіз қозғалған атқарушылық өндірістер бойынша жеке сот орындаушылардың өздеріне ақы өндіру туралы қаулылар бұзылады.

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ
ТАРАПТАРДЫҢ НЕГЕ КӨҢІЛІ ТОЛМАЙДЫ?

орындаушылар мерзімі өткен атқару парактары бойынша өндірісті қозғаған фактілер кездесті. Ол істер бойынша жеке сот орындаушылар бізге сотпен атқару парағының телнұсқасы ұсынылған деп негіздейді. Алайда, атқару парағының телнұсқасы ол атқару парағын орындауға ұсыну мерзімін қалпына келтіру құжаты болып танылмайды. Ол жөнінде бөлек сот ұйғарымы болуы тиіс және ол атқарушылық өндіріске тіркелуі тиіс.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 10-бабы 2-тармағы 6), 7) тармақшасы бойынша сот орындаушы қаулының қарау бөлігі жазылып көрсетілуі тиіс. Әділет министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы №148 бұйрығымен бекітілген қаулыларға жеке сот орындаушылардың қаулылары үлгілік нысандарының 24, 28-қосымшаларына сәйкес келмейді. Алайда, дауланатын қаулылардың көп бөлігі негізделмеген, уәжделмеген болып кездеседі, қаулыда тиісті сілтемелер де жасалмайды. Сонымен қатар, қаулылардың екі тілде жазылуы орын алған, ол да бекітілген талапқа қайшы.

Осы заңның 62-бабының 6-тармағына сәйкес, борышкердің банктік шотындағы ақшасына атқарушылық санкцияны, орындау жөніндегі шығыстарды және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеуді ескере отырып, атқарушылық құжатты орындау үшін қажетті сомада тыйым салынады. Алайда, жеке сот орындаушылар борышкерлердің банктік шоттарындағы ақша қаражаттары туралы ақпараттарды сұратып алғаннан кейін, оның тек нақты қарызы көлемінде тыйым салмайды, есепшоты бар барлық шоттарына атқару парағында көрсетілген сома көлемінде тыйым салып тастайды. Бұл өз тарапынан борышкердің бірнеше есеп шоттарындағы ақша қаражаттарына артық көлемде тыйым салынуына соқтырған.

Банктік шоттағы тыйымдар бойынша атқарушылық өндіріс барысында жеке сот орын-

даушы борышкердің жұмыс жасайтынын тексеріп, оның айлық табысы туралы анықтамаларды жұмыс орнынан алдырса да, олардың айлық табысы түсетін банктік есепшоттары нақты анықталып, борышкердің айлық табысына 100% мөлшерде тыйым салынуына жол берілмес еді. Бұл да өз кезегінде дауларды тудырған. Мерзімдік төлемдерді төлеу бойынша тыйым тек берешек қалыптасқан кезде салынады, алайда сот орындаушылар істі қозғаған кезден бастап тыйым салады. Берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша сот орындаушылар зейнетақы қорына және жұмыс орындарына

Мерзімдік төлемдерді төлеу бойынша тыйым тек берешек қалыптасқан кезде салынады, алайда сот орындаушылар істі қозғаған кезден бастап тыйым салады. Берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша сот орындаушылар зейнетақы қорына және жұмыс орындарына жалақысы туралы сұраныс жасамай, қарыз есебін негізсіз орташа айлықпен есептеп, өндіріп алушының құқығын бұзған жағдайлар кездесті.

жалақысы туралы сұраныс жасамай, қарыз есебін негізсіз орташа айлықпен есептеп, өндіріп алушының құқығын бұзған жағдайлар кездесті. Жеке сот орындаушылар өздерінің әрекеттерін борышкер жұмысы туралы анықтама бермеді деп негіздейді, ал бұл жағдай даудың туындауына себеп болады.

Өндіріп алушы борышкермен өзара келісіп, атқару өндірісін тоқтату туралы келісімге келген кезде, сот орындаушылар көбіне тоқтату мен атқару парағын қайтару салдарын түсіндірмейді. Сол себепті сот орындаушы арыздағы тоқтату деген сөздерді негізге алып, өндірісті тоқтатады. Атқарушылық өндіріс тоқтатылған кезде, оны қайта жаңғырту мүмкіндігі жойылады. Сот барысында өндіріп алушының негізгі ниеті келісім бойынша атқару парағын уақытша қайтару болғаны анықталады. Бұл көп жағдайда алимент өндіру туралы дауларда туындайды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 79-бабы бойынша, әкімшілік акт заңды және негізделген болуға тиіс. Қылмыстық-атқару кодексінің 50, 51-баптарына сәйкес, сотталған адам айыппұлды үкімде белгіленген мерзім

Жоғарыда аталған заңның 48-бабының 6-тармағында атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындауға берудің осы заңның 11-бабында көзделген мерзімі өткен жағдайларда мәжбүрлеп орындату шараларының күші жойылуға жататыны бекітілген. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңының 11-бабы бойынша сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқарушылық парактар үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындату мерзімі бекітілген. Яғни, атқарушылық өндірісі «Атқарушылық іс жүргізу туралы» заңның 48-бабы, 2-тармағының талабы негізінде қайтарылған кезде, атқарушылық

өндіріс бойынша барлық мәжбүрлеп орындату шараларының күші орындау мерзімі аяқталған уақытта жойылуы тиіс. Дегенмен, жекелеген істер бойынша борышкерлердің бірыңғай тізілімнен алынбай қалу, тыйымдар шешілмей қалу фактілері орын алғаны анықталды.

Жеке сот орындаушылар қызметін жандандыру үшін сотта нақты іс-шаралар қолға алынууда. Осы мақсатта аймақтағы жеке сот орындаушылар палатасымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, кемшіліктерді бірге талқылап, бірігіп шешуге қадам жасап отырмыз. Өйткені кемшіліктердің жүйелі түрде қайталануы палатада жеке сот орындаушылар жұмысына қадағалау аздығын, қатемен жұмыс қолға алынбайтынын көрсетеді. Заң бұзушылықтар жалғаса бермес үшін, соттар кемшілікке жол берген жеке сот орындаушыларға қатысты жекеше ұйғарым қабылдап, ақшалай өндіріп алу процестік мәжбүрлеу шарасын қолданып келеді.

«Күш – бірлікте» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, жария-құқықтық даулардағы кемшіліктен бірігіп күрескенде ғана әкімшілік әділеттің жұмысы нәтижелі болары анық.

БАСТАМА

Татуластырушы
судьяның
көмегі көп

Кешірім кез келген келеңсіздіктің алдын алады. Содан болар бабаларымыз ұрпағын «Кең болсаң, кем болмайсың», «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деп кеңдік пен кешірімге тәрбиелеген. Бұл қағида қазақтың ежелгі заңдық құжаттарының да негізіне айналған. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз-Тәукенің «Жеті жарғысының» құқықтық баптары жазалауға емес, жарастыруға, қос тарапты татуластыруға құрылғанын байқау қиын емес. Міне, сол бітімгершілік дәстүрін жаңғыртып, дау-жанжалдарды соттан тыс шешуге қазір барлық мүмкіндік қарастырылып жатыр. Бұл бағыттағы игі қадам 2011 жылы «Медиация туралы» заңды қабылдаудан бастау алған болатын.

Еліміздің соттарында 2017 жылдан бастап «Татуластырушы судья» пилоттық жобасы қолға алынғаны белгілі. Бұл жоба алғашқы кездің өзінде-ақ қоғамға қажеттілігін дәлелдеді. Татуластырушы судьяға қатысты халықтың оң көзқарасының орнығуына ең алдымен тараптардың судьяға деген сенімінің жоғарылауы айтарлықтай ықпал етті. Жаңа бастама көпшілік тарапынан қолдау табуы үшін татуластырушы судьялыққа медиацияда жоғары нәтижелерге қол жеткізген, тараптарды сөзіне ұйыта алатын, ортақ келісімге келтіруге қабілетті, тәжірибелі судьялар іріктелді.

Татуластырушы судья – тараптар арасындағы дауды (жанжалды) реттейтін тұлға. Ол сот өндірісіне келіп түскен істерді, талап қою арыздарын қабылдай отырып, даудың қай сотқа ведомстволық бағыныштылығын, талап қою арызының соттылығы және талап қоюшының дауды соттан тыс және сотқа дейін реттеуді сақтау мәселесін шешеді. Осылайша татуластырушы судья талап қою арызын сотқа келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдаудан бас тарту немесе қайтару туралы ұйғарымды шығарады. Егер талап қою арызын қабылдауға негіз болса, судья тараптарға бітімгерлік рәсіміне қатысу үшін он жұмыс күні ішінде шақыру жібереді. Сонымен бірге, туындаған даулар бойынша тараптармен алдын ала әңгімелесуге өткізеді. Қажет болған жағдайда, дауды татуласу рәсімімен аяқтау үшін тараптармен жеке-жеке әңгімелесуге де құзыры бар екенін айта кеткеніміз жөн.

Бітімгерлік рәсімге қатысуға келіскен тараптар сотқа балама рәсімнің түрін дербес тандап, оны өтінішінде көрсетеді. Өтінішхаттан кейін судья бітімгерлік рәсмін жүргізеді. Медиациялық келісімдер жасаған кезде, судья татуластырушы тараптарға қойылған талаптардың шегінен шығу құқығын, жауапкердің қарсы шарттар қоюға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Егер тараптар татуласу келісіміне тоқталса, оны сотқа бекітуге ұсынады. Татуласу келісімін бекіту кезінде судья олардың шарттарын тексеріп, қарау нәтижелері бойынша және іс жүргізуді тоқтату не татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Тараптар сотта медиацияға тоқталса, судья медиатордың жәрдемдесуімен медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқылы.

Осыдан көріп отырғанымыздай, дау-жанжалды сотқа дейін, сотта реттеуде татуластырушы судьяларға артылатын жауаптылық та, қызмет те зор. Бұл татуластырушы судьялардан шеберлікті, шешендікті талап етеді. Сонымен бірге, судья екі тараптың да тілін тауып, ойындағысын айтқызбай түсінетіндей сұңғыла әрі психолог бола білуі керек. Бүгінгі татуластырушы судьялар бұл үдеден шығып отыр деп сеніммен айтуға болады.

**Назым ТОҚТАСЫНОВА,
Алматы қаласы Қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
бас маманы**

АЙМАҚ

АЛҒАШҚЫ ВИЗИТ – ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Түпқараған ауданына барып, жаңадан ашылған «Сартас» визит-орталығының жұмысымен танысты.

Жұмыс сапары аясында аймақ басшысы алдымен аудан аумағында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштер – «Кенті баба» қорымы,

«Шақпақ ата», «Сұлтан Үпі» жер асты мешіттеріне зиярат етті. Одан соң Маңғыстауда туризмді дамыту мақсатында бой көтерген «Сартас» визит-ор-

талығына барып, жұмысымен танысты.

«Сартас» визит-орталығы Каспий теңізінің Түпқараған ауданына тиесілі жағалауында, Таушық ауылынан 32 шақырым қашықтықта орналасқан.

– Туризмнің өңір экономикасын дамытуда маңызы зор. Біз осы бағытта жұмыс істейтін жергілікті кәсіпкерлерді қолдауға әрқашан дайынбыз.



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАСТАРДЫҢ ЕҢСЕСІН КӨТЕРУ МАҢЫЗДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыдан біраз бұрын Маңғыстау облысында осындай құмар ойынына салынған азаматтың ойын автоматтары тұрған клубты өртеп жіберіп, істі болғанын ақпарат құралдары таратып жатты. Әскердегі бірнеше жігіттің де құмар ойындарына түсіп, қарыздары қысқан тұста суицидке барғаны да ара-кідік айтылып жүр. Психиатр, нарколог, психолог, неврологтардың айтуынша, бұл дерттің салдары ауыр. Бір өкініштісі, осы құмар ойындарының жетегінде өрімдей жастардың кетіп жатқаны. Студент, жұмысшы, тіпті, оқушы балалардың арасында да ойынға деген тәуелділік артып тұр. Былтыр бұл мәселе Парламент деңгейінде көтерілді. Алайда, еш нәтиже-шешімсіз тез басылды. Қоғамда онсыз да бүгінгі таңда әлеуметтік мәселелер көп еді. Енді кез келген ата-анаға «баламды бұл кесапаттан қалай сактаймын?» деген тағы бір уайым қосылды. Елдегі республикалық деген айдарды еншілеген телеарналар мен радиолар, көше билбордтары, әуежай мен демалыс орындары жастарды ойын автоматтары мен спорт ставкаларына тәуелді ететін «1xBet» «Pаgimatch» «Olimbet» сынды букмекерлік компаниялардың жарнамаларына толтырып отырса, уайымдайтындай-ақ жөні бар. Оған «Деньги без лишних вопросов» деген жазумен көше-көшені шарлап жүретін жеңіл көліктерді қосыңыз. Оны көрмей қалды десеңіз, бұрыш-бұрышты, дүкендер мен базарларды толтырып тастаған көкемат, ақшамат, солво, жедел ақша секілді толып жатқан автоматтар алдыңнан шығады. Жаркыл-жұрқылымен көздің құртын қоздыратын лотоматиктері тағы бар. Санамалай берсең, санынан жаңылатын осындай дүниелердің бәрі

балалардың болашағына балта шауып жатыр. Қоғамдық қарсылыққа ұласуы тиіс дүниелер, керісінше, құпталып, ірі сауда кешендерінен бастап, ұсақ сауда нарықтарында самсап тұрғанда, «баланы бағып отырмын» деу күрделі мәселеге айналды. «Kcell Solutions» мекемесінің қаржы директоры былтыр бас-аяғы 467 млн теңгені жымқырып, құмар ойынына салып жіберіп жатқанда, оң-солын танып үлгермеген жасөспірімнің торға қалай топ ете қалатынын ойлаудың өзі қорқынышты. Әлеуметтік желіде журналистер, жекелеген белсенділер бұның үлкен проблема екенін айтып біраздан бері дабыл қағып жүр. Наркологиялық орталық дәрігерлері қазір өздерінің сауықтыру орындарында осындай проблемамен жатқан жастардың қатары нашакорлардан да аса бастағанын жеткізді. Соңғы жылдары беріле бастаған шағын микрокредиттер құмар ойынына жастардың салынуына үлкен «септігін» тигізді. Ойын автоматы мен микрокредит беретін автоматтардың кез келген дүкен, сауда орталықтарында қатар тұруы да ойынпаздардың қатарын көбейтті. Бір автоматтан шағын несие алып екінші автоматқа оны «жұтқызу» «ойыншылардың» алдағы проблемаларын қоюлата түсті. Бірден байып кетуді ғана ойлайтын жастар тіпті бүгін «закладка» (есірткі жасыру) ісімен де айналысып, алды сотты да болып жатыр. Алматыдағы СИ 155/18 мекемесіне барғанда, мекеме басшысы «закладка» бизнесіне студенттердің көп ұрынатынын қынжыла жеткізген. Тараға берсең, талай күрделі мәселенің шеті тарқатыла беретіні белгілі. Ендеше бұл проблемаға қалай тосқауыл қоюға болады? Нашакорлықтан асып бара жатқан зауалдан жастарды қалай арашалаймыз? Жарнамасын сағат, минут, секунд сайын айналдырып отырған телеарналар мен радиоларға

кім тоқтау салады? Жауапсыз сауалдар саны да жетерлік.

Өлгінде айтылған белін ауыртпай, басын қатырмай, жылдам ақша тапқысы келетін адамдарға микрокредиттер нағыз оңтайлы шешім болып көрінетіні анық. Дерт мұнымен ғана шектелмейді, қаржыдан қысылған жандар еш кедергісіз микроқаржы ұйымдарынан несие, яғни «айлыққа дейін» деп еш тексерусіз 15 000-250 000 теңге арасында қаражатты оп-онай алатыны көпшілікке жұмбақ. Бұл жерде бір дүниені қазбаласак, артынан екіншісі шығады. Бұл қаржылық ұйымдардың заңсыз екендігі елге аян, бірақ олар да жұмысын қазір тоқтатар емес. Мәселенің шешімі ірі ойын-сауық орындарын облысқа көшірумен шешілгендей болған, бірақ олардың көзге ілінбей қалғандары немесе интернет беттеріндегісін айтпағанда, бармақ басты, көз қыстымен қалғандары қаншама?! «Бір тиынды екеу қыламын» деп, не болмаса «аз уақыт ішінде комақты қаражатқа кенелемін» деп, ғылыми тілде айтқанда «Лудомания» дертіне шалдығады. «Лудомания» – түптеп келгенде тәуелділік, ішімдік пен есірткіге тәуелді адамдардан олардың да еш айырмашылығы жоқ. Көп сауалдарды жинап ап, көпшілік тағы да мемлекетке, билікке қарайды. Жедел түрде мемлекеттік билік, атқарушы органдар тарапынан нақты іс-шаралар қабылданбаса, қазақ қоғамы жастарынан жағымсыз жағдайда айырылатыны анық. «Жаман айтпай, жақсы жоқтың» жыры басталып та кеткен секілді. Ендігі үміт жалпыхалықтық әрекетте, мемлекеттің пәрменділігінде. Болашағын ойлаған ел жастарын да қараусыз, қадағалаусыз, камқорлықсыз қалдырмаса екен.

Ғани ЕРКІНҰЛЫ,
Мақпал ҚҰРМАНБАЙ



Нұржан КҮНІМЖАНОВ,
К.Сагдиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, әлеуметтанушы:

«Адам емес ақша құндылыққа айналды»

– Біз, ең алдымен, нарық кеңістігіне бағыт алғаннан кейін батыс құндылықтарын сіңіре бастадық. Қазақтың да жақсы сөзі бар, «ойынға – ойын іс құмар» деген. Демек, осы букмекерлердің көбейгені біздің өміріміздің пішіні мен бейнесін көрсетеді, яғни, осыдан қайда беттеп бара жатқанымызды анық көре аламыз. Ал бұл үлкен мәселенің теледидар, радио басқа да ақпарат құралдарына дейін шығып кеткендігін – олардың ақшаны құндылық көргені дейміз. Себебі, бүгін адам емес, ақша құндылыққа айналды. Өкінішке қарай, саясаттың да, биліктің де мұны қоғамның мүмкіншілігі бола тұра, тоқтатпай отырғаны алаңдатарлық жағдай, оған себеп бұл салада билікке ықпал ететін белгілі бір күштердің болуы. Енді ол қыр-сыры біздің қазіргі заманғы қоғамда, біз қарапайым халық тек болжаммен ғана сөйлейміз. Аталған ол күштер тек Қазақстанда ғана емес, Ресейден де ықпал етеді. Одан бөлек, жалпы бұл мәселенің артында өте үлкен қаражат тұрғаны белгілі. Және жарнама да қазіргі кезде адамдардың осал тұсы болып тұр. Тіпті, жарнамасыз-ақ бұл ойынға құмар адамдар мен жеңіл жолмен ақша табамын деген адамдар саны күн санап

артып жатыр. Қазіргі кезде бұл салаға «лудомания» деген термин енді, адам өзінің «азарты» арқылы жеңіл жолмен ақша табуға болады деп ойлайды. Әрине, басты идея ставка ретінде, спорт түсінетін адамдарға өз білімін тексеруге бағытталған болуы мүмкін. Бірақ астарында ақша болғандықтан, ақша әрқашан да өзінікін жасайды.

Бұдан қауіп бүкіл елге, барлық адамзатқа бар, тек қазаққа ғана емес. Бұл енді қателеспесем, сол бір 70-ші жылдары батыста да болған проблема. Сол уақыттарда оларда да ойын клубтары, ставкалар, ойын автоматтары пайда болған. Сол кездің өзінде де қаншама адамдар зардабын көріп, кейбірі өз-өзіне қол жұмсап, отбасыларына да қастандық жасағандары болған. Жеңіл жолмен ақша табу сол қоғамның қасіретін көрсетеді. Себебі, адал еңбексіз оңай ақша жоқ. Сол кемшіліктер мен қателіктерді біз мойындамай отырмыз.

Бұл тарапта тек бір-ақ нәрсе жасауымызға болады, заңды қайта қабылдап, ойын бизнесін тоқтатып, оның орнына ұлттық спортты қаржыландырсақ қана тоқтау болатын шығар. Ойынқұмарлық енді нәсілдің төменгі сатысы деп қараған жөн. Жоғарыда айтқандай, бұл салада саясатпен қатар үлкен қаражат жатыр. Демек, біздің биліктің де соған қатысы бар. Себебі, кез келгенімізге ойын бизнесін ашу мүмкін емес дүние. Сондықтан заңмен, я болмаса ел болып атсалысып тоқтатуымызға болады. Бүгінде әр әулетте осы дертпен ауыратын адамдар бар, ешкім бұл салаға бей-жай қарамау керек.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда осындай ойынқұмарлыққа салынған балалардың саны күн сайын артып бара жатыр.

Ал бұл дерттен аулақ болу үшін, адам өз-өзін басқара алуы қажет. Әр істің белгілі бір көрсеткіші бар. Сол шамадан асып кету құмарлыққа апарады. Егер адам құмарлыққа беріліп кеткен болса, психолог мамандармен жұмыс жасағаны жөн. Сол арқылы оның себебі мен шешу жолын анықтауға болады.

– Адамдарда неліктен құмар ойынға деген қызығушылық болады? Ол мәселемен күресудің жолы қандай?

– Жалпы, тәуелділік екіге бөлінеді: химиялық және химиялық емес. Химиялық тәуелділікке есірткілік заттар, маскүнемдікті және т.б. жатқыза аламыз. Ал химиялық емес тәуелділіктің ішінде

Мәди ТОҚАНОВ, ҚР ДМ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК Павлодардағы филиалының аға дәрігері:

«ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚҚА САЛЫНҒАН БАЛАЛАР САНЫ АРТЫП БАРАДЫ»

осы ойынқұмарлық бар. Ол да – адам өміріне қауіп төндіретін тәуелділік. МКБ (Международная классификация болезней) өздерінің онынышы қарастыруында ойынға деген құмарлықты ауру деп санады. Көбінесе, біз дәрігерлер де науқастарға құмарлықтың оңай дүние емес екендігін айтамыз. Бірақ оны олар «жеңіл дүние, өздігімізден құмарлықтан шыға аламыз» деп ойлайды. Алайда, көпшілікке байқалмаса да, клиникаға осындай мәселемен көп адам келіп жатыр. Қазір дүкендерде автоматтар, ұтыс ойындары толып тұр. Одан соң, науқастар казино, ұялы телефондардағы онлайн ойындарға «ставкалар» қояды. Олар осындай ойындарды ойнаған сайын ескірткіні тұтынушылар сезінген ләззатты сезінгендей болады. Сөйтіп, ойынды ойнаған адамда оған деген тәуелділік пайда болады.

Бүгінгі таңда дүниежүзілік стандарттар бойынша ойынқұмарлық дәрі-дәрмектермен емделмейді. Мұндай мәселеге ұшырағандармен негізінен психолог, психотерапевт мамандар жұмыс жасайды. Олардың басты мақсаты – науқастың өмірге деген көзқарасын өзгерту, жақсы қасиеттерін арттырып, адамның өзіне деген сенімділігін нығайтып, бағыт-бағдар беру. Бірақ бұл ұзақ процесс. Науқас екі-үш айдан бір жылға дейінгі уақыт аралығында оңалтудан (реабилитация) өтуі керек. Сонымен қатар, науқас құмарлықтан айыққан соң да, белгілі бір мерзім ішінде психологпен жұмыс жасап тұрғаны жөн. Ал дәрі-дәрмек қолдану өте сирек кездесетін факторлар. Олар, әсіресе, күйзеліс, антидепрессант сияқты психикалық жағдайларда қолданылады.

– Құмар ойынның құрбаны болған науқастармен жұмыс істеудің негізгі әдіс-тәсілдерімен бөліссеңіз?

– Жалпы, науқаспен жұмыс жасаудың екі түрі бар. Ол: жеке және топтық. Біздің филиалда психолог мамандар науқаспен күніне үш мәрте (түске дейін, түстен кейін және кешке) жұмыс жасайды. Оларға қосымша үй тапсырмалары беріледі. Науқастың өмірге деген көзқарасын өзгерту үшін

ҚЫЖЫЛ

АЙРАНДАЙ ҰЙЫП ОТЫРҒАН ОТБАСЫНЫҢ ШАҢЫРАҒЫН ОРТАСЫНА ТҮСІРГЕН, ТАБЫСЫН АДАЛЫНАН ТАУЫП ОТЫРҒАН ЖАНДЫ ЖҰМЫСЫНАН АЙЫРҒАН, ҚАРЫЗСЫЗ ӨМІРІН НЕСИЕГЕ ТОЛТЫРҒАН, КӨРЕР ЖАРЫҒЫ БАР АДАМНЫҢ ӨМІРІН ҚИҒАН ҚОҒАМНЫҢ КЕСЕЛІ – ҚҰМАРЛЫҚ. ЖАЙ ҒАНА ҚҰМАРЛЫҚ ЕМЕС, ОНЫҢ ІШІНДЕ – ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ. БЕЙРЕСМИ ДЕРЕК КӨЗДЕРШЕНІ МӘЛІМЕТІНШЕ, ЕЛІМІЗДЕ ҚҰМАР ОЙНАУШЫЛАРДЫҢ САНЫ 350 МЫҢНАН АСАДЫ ЕКЕН. БІР ОЙЫНШЫНЫҢ ОРТАША ҚАРЫЗЫ 10 МЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН КӨРІНЕДІ. ӘР ДҮҢГІРШЕКТЕ ОРНАЛАСҚАН ОЙЫН АВТОМАТТАРЫ БҰЛ КӨРСЕТКІШТІҢ АРТУЫНА ӘСЕРІН ТИГІЗІП ЖАТЫР.

ойынқұмарлықпен де жұмыс істейді. Жоғарыда айтқанымдай, есірткіге, ойынға, ішімдікке құмарлық сияқты, әр құмарлыққа қатысты өзінің тиісті әдіс-тәсілдері қолданылады. Ол психологтармен бірге аптасына екі немесе үш мәрте жасалады. Емдеу ұзақтығы екі немесе үш айдан бір жылға дейінгі уақытты қамтиды. Өйткені, алғаш емделуге келген науқаспен жабық стационарда жұмыс істеу керек. Себебі, ол басында өзінің ауруға ұшырағанын түсінбейді. Ал оны түсінуі үшін біршама уақыт қажет. Біздегі басты әдіс-тәсілдер осындай.

– Жалпы, құмар ойындардың адам өміріне қауіптілігі қандай? Бұл тәуелділіктен аулақ болудың жолдарын көрсетсеңіз?

– Ең жиі кездесетін қауіптілік – суицид. Ол көп қарызға бату, күйзеліске ұшырау және одан шыға алмаудың әсерінен болады. Сонымен қатар, тәуелділіктің соңы маскүнемдікке де алып келіп жатады. Бұл да – жиі кездесетін жағдайлардың бірі. Адам бір қиындыққа тап болып, күйзеліске душар болған кезінде, екі дүниеге бейім болады. Оның бірі – ішімдік болса, екіншісі – есірткі. Бізге келетін науқастардың 70-80 пайызының мәселесі – ішімдік пен ойынға тәуелділік.

Ал алдын алу жолдары жөнінде айтар болсам, бұл құмарлық болғандықтан, ол – созылмалы ауру. Осы айтып отырған, маскүнемдік, есірткі мен ойынға деген құмарлық ұзақ емдеуді қажет етеді. Жүрек ауруы, қант диабетіне шалдыққан науқастар ұзақ уақыт дәрі-дәрмекпен емделетіндер сияқты, бұл құмарлық та біраз уақыт психолог, психотерапевтермен жұмыс істеуді талап етеді. Бұл ауру да біршама төзім мен уақытты қажет етеді. Алайда, науқас айтылған дүниелерге құлақ асып, тапсырмаларды орындап отырса, одан айығудың да жолы оңай болары сөзсіз.

– Мәди мырза, емен-жарқын сұхбатыңызға рақмет!

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

Конституция – Қазақстандағы негізгі заң. Ол халық талқылауынан өтіп, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданып, өз күшіне енді.

Ата Заң Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы етіп жасаған. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркеніетгі елдердегідей заң жүзінде басқаруға жағдай туғызды.

Еліміздің бас құжаты мемлекетті Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жариялады. Бұл мемлекеттің тұтастығын, сырттан қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияда демократияның түпкі мәні ерекше айқындалады. Демократия халықтың билігі деген мағынаны білдіреді. Осы тұжырым қағида заңның үшінші бабында «Мемлекеттік биліктің

бірден-бір бастауы – халық» деп айқындала түскен. Демократиялық принциптер Конституцияның арнайы «Адам және азамат» атты екінші бөлімінде кеңінен тарқатылып жазылған.

Конституцияның тағы бір басты артықшылығы – меншіктердің әралуандығын мойындап, оны заң жүзінде бекітті. Осыған байланысты Қазақстанда мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншік те нақтыланып, заңмен қорғалады. Негізгі заңда меншіктің қызмет аясы мен мақсаты да көрсетілген. Меншіктің қай түрі болса да қоғам игілігіне қызмет етуі тиіс, ол адамзат мүддесіне қарсы болмауы тиіс.

Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас деп жарияланған. Онда билік үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі болып дараланған. Мұндағы мақсат билікті біржақты иемденіп кетушілікті болдырмау үшін, олардың аражігі ажыратылып, әрқайсысының конституциялық өкілеттіктері айқындалған. Олар бір-бірінің ісіне қол сұқпайды, әрқайсысы өз құзырынша қызмет етеді.

Конституцияда сот жүйесіне де маңыз берілген. Елімізде құқықтық реформа жүзеге асырылуда. Бұл сала да жаңа Конституцияға негізделіп, қайта жасалған Азаматтық, Қылмыстық, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерінің қабылдануын атап өтуге болады.

Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Ата Заңы пәрменді елдің еңсесі биік. Конституциясы жұмыс істейтін елде заң мықты, тәртіп күшті. Ал, тәртіп пен заңы айқын, әділетті мемлекет қашанда азаматтарының құқығын алдыңғы орынға шығарады.

Ж.АХМЕТОВ,
Астрахан аудандық сотының судьясы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ІЗГІЛЕНДІРУ ТЕТІГІ

2011 жылы 28 қаңтарда «Медиация туралы» заң қабылданып, 2011 жылдың 6 тамызында заң күшіне енді.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын және өзара қолайлы шешімге келуі мақсатында медиатордың жәрдеме-суімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Сонымен бірге, тараптарға өзара тиімді келісімге қол жеткізуге көмектесетін бейтарап тұлға. Медиатор көмегімен жеке болмаса заңды тұлғалар арасындағы дауларды реттеу процедурасы жүзеге асады.

Яғни, дауды реттеу туралы келісімде жасалған күні мен орны, медиация тараптары, олардың өкілдері, даудың нысанасы, медиатор туралы деректер, сондай-ақ, тараптармен келісілген міндеттемелер, оларды орындау тәсілдері мен мерзімдері және оларды орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдарлары қамтылуға тиіс. Дауды реттеу туралы келісімге медиатор қол қоюы қажет. Дауды реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде осы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімінде орындауға тиіс. Іс сотта қаралғанға дейін жасалған дауды реттеу туралы келісім тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған мәмілені білдіреді. Мұндай келісім орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, келісімді бұзған медиация тарапы Қазақстан заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

Медиаторға сыйақы төлеу, медиацияны жүргізуге байланысты медиатор шығыстары, оның ішінде – дау қаралатын жерге жол жүру ақысын төлеуге, қонақүйде тұруға және тамақтануға



арналған шығыстар осы процесс барысына жатады. Кәсіби медиаторлар медиацияны ақылы да, тегін негізде де жүзеге асырады.

Кәсіпқой медиатор сыйақысының мөлшері медиация басталғанға дейін медиатормен тараптардың келісімі бойынша айқындалады. Егер тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, медиацияны жүргізуге байланысты шығыстарды тараптар бірлесіп тең үлестермен төлейді. Егер медиатор өзінің бейтараптығына кедергі келтіретін мән-жайларға байланысты медиацияны жүргізуден бас тартса, ол тараптардың өзіне төлеген ақшалай сомасын қайтаруға міндетті. Біздің елімізде қабылданған заңымыз да, өркеніетті елдердегідей бейтарап медиаторды

тарту арқылы істі бітімге келтіріп, заманауи құқықтық жүйенің дамуына ықпал етуі тиіс-тін. Президент осы мәселеге үлкен зер салып, медиация тәсілі адам құқықтарын ең қымбат қазынасы ретінде қастерлейтін мемлекеттің алғышарты болуы тиіс екенін айтты. Сондықтан, елдегі медиация институтының дамуына барынша қолдау көрсетіп, институттың кең құлаш жаюына ықпал етуіміз қажет. Өйткені, медиацияның біздің елімізде болашағы зор. Оны бір деңгейде қолдасақ, медиация халқымызға игі әсерін тигізеді.

Г.СУЮНОВА,
Мұғалжар аудандық сотының бас маманы, сот мәжілісінің хатшысы

ТАЛАНТТЫ АРУ МЕН ТАҒДЫРЛЫ ЖЫР



Қалжан Жұлдыз ЗК-169/1 тергеу изоляторында бақылаушы. Тал шыбықтай бұрлалған ару, нәзіктігіне қарамай, тегеурінді тергеу изоляторында ерлермен иық тірестіре еңбек етіп жүр.

Жұлдыз – талаба таудай арманшыл, қиялшыл жас болумен қатар, қайтсем еліме пайдамды тигізсем деген ұлтшыл қыз. Ел тыныштығын қорғау мақсаты да

осындай ұлтжандылықтан туындаса керек. Антына адал, сертіне берік білікті маман тергеу мекемесіндегі қызметтің қиындығын өткеріп келеді.

Оның арманшылдығы мен жүйрік қиялы оны өзгелерден ерекшелендіріп тұр. Сержант ару айналасындағыларға қамқорлықпен, аса зор мейіріммен қарайды. Айына бір рет қаламыздағы карттар үйіне барып, ондағы қариялармен әңгімелесіп, кітап оқып беріп, көңілдерін аулап жүреді. Сондай шақтардың бірінен туған жүрекжарды жырына назар аударсақ, үлкен жанашырлық пен асқан жылылықты көреміз. *Қарт ана отыр самай шапшы ағарған, Үнсіз ғана жетелей ме ақ арман?! Мұңды көздер сыр шертеді жсай ғана, Құр кеуде боп, үміт оты жсжалған. Сұхбаттастым, сол анамен тілдестім, Келе бермейді(і) мені іздеп күнде ешкім, Е, шырағым, өткен күндер келмес күн Деген сөзді күрсініп айтқан қария. Осылайша бастап кетті әңгімесін,*

Түсіндіріп біздерге жан кемесін. Мынау тұрған қарттардың үйі деді, Осында өтіп жатыр таңғы елесім.

Кеткен соң, шалым өліп, қара нарым. Үлкейгенде түсінер жайымызды Баптап баққан, ұл-қызым дараларым. Үнсіз ғана ана жанын ұғындым, Тал бойымда шырылдады құлын-жыр. Жалбарынып, жаратқаннан тіледім: «Ұрпағына анасының қасиетін ұғындыр!»

«Өлеңге әркімнің де бар таласы» демекші, өмірдің өзін өлеңге айналдырған пағондағы қыздың бұдан бөлек те жырлары көп. Бірі туған қаласына, бірі анасына, достарына, махаббат тақырыбына арналған. Шығармашылығы мен қызметін қатар алып жүру Жұлдызды абырой биігіне жетелейтіні анық. Талантты аруға қай салада болса да, табысты еңбек тілейміз.

Раушан НАРБЕК

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ТІЛ ЖАНАШЫРЫ ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМІЗ

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық діліміздің көрінісі. Бұл ретте Қазақстанда тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдерге жағдай жасауға бағытталған. Бүгінде Президенттің Қазақстан халқына жолдаған жолдауында белгіленген басым бағыттардың бірі – барлық халықты біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аудару болатын. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кеңейту ел саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала береді.

Қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, қоғамның жан-жақты салаларында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында нақты қадамдар жасалуда. Басты мақсат – тілдің мұраны сақтап, қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз ету, оның барынша дамуына қол жеткізу. 1989 жылғы тұңғыш «Тіл туралы» заң, алғашқы Конституция қабылданар тұстағы талас-тартыс, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің бекітілуі, оны нығайту 1997 жылы «Тіл туралы» заңның қабылдануымен айшықтала түсті. «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы», «Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ереже», «Мемлекеттік тілде құжат дайындауды жүзеге асыратын әкімшілік қызметшілерді көтермелеу туралы» қаулылар қабылданды.

ҚР «Тіл туралы» заңының аясында мемлекеттік тілдің қолданылуын күшейтіп мәртебесін арттыру – баршамызға міндет. Қазақ ұлты барда қасиетті қазақ тілінің қадірі артып, мәңгі жасай береді. Өйткені ана тілдің жанашыры – өзге емес, өзіміз.

М.ЖЕБЕЛХАНОВА,
Маңғыстау облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі

ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да, қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге қалыптасады. Тіл байлығы әрбір елдің ұлттық мақтанышы, ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұрасы.

«Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі. Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздарымен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашан да білікті де саналы ұрпақпен кеңейіме. Өлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да – сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Кез келген тілдің болашағы балалардың, жастардың қолында екені рас. Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамайды. Сондықтан, қазақ тілінің тағдыры қазақтың өзінің қолында.

А.АХИБАЕВ,
Маңғыстау облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

«ОТБАСЫММЕН ҚАУЫШУЫМА АЗ ҚАЛДЫ»



Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты қауіпсіздігі барынша төмен мекемесінде жазасын өтеп, ақылы жұмыс істейтін сотталғандарға жұмыс берушінің тарапынан ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес ақылы еңбек демалысы беріледі.

Ақылы демалысқа өтініш жазған сотталғанның бірі – Марат. Ол сот үкімімен 3 жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын осы мекемеде өтеуде. Жазасын өтегеніне бір жылға жуықтаған

Маратты мекеменің сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру бөлімі «Азимут» ЖШС-не жұмысшы ретінде жұмысқа орналастырған. Мараттың айтуынша, күніне 400-500 дана газоблок өнімін шығарады. Айлығы да жақсы. Артылғанын Атыраудағы отбасына жіберемін дейді.

– Еңбек демалысына шығатынымды естіген балаларым мээ болып қуанып жүр. Отбасыңнан жырақта жүру өте қиын. Алты балам бар. Үлкенім 15 жаста, ал кішкентайым 2 жаста. Балаларымды сағындым, олар да мені тағатсызда-на күтіп отыр. Күніне телефон арқылы хабарласқаныммен, бауырына басып маңдайынан иіскеп, әкелік ақыланды айту бөлек. Осында жүріп бостандықтың, отбасымның қадірін түсіндім. Ер адам болған соң, өзімді сабырға шақырып, болашағымды балаларыммен елестетемін. Мекеме әкімшілігінен құрылған комиссия өтінішімді мақұлдаса, отбасыммен қауышуыма аз қалды», – деп ойын бөлісті сотталған.

Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының инспекторы, әділет капитаны Бағлан Қалиевтің айтуынша, жазасын өтеушілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына шығуына құқығы бар. Еңбек кодексінің 92-бабына сәйкес, тараптардың келісуі бойынша ақылы еңбек демалысын 1 жыл ішінде 2-3 рет бөліп алуына болады. Қазіргі таңда мекемемен келісімшарт негізінде сотталғандарды жұмыспен қамтып отырған 30-дан аса жеке кәсіпкерлік субъектілері бар. Мекемедегі 100-ден астам сотталған осы жеке кәсіпкерлерде жұмыспен қамтылған. Сотталғандарды жұмыспен қамтудағы басты міндет сот үкімі негізінде мемлекет пайдасына, жеке, заңды тұлға пайдасына келтірілген шығындарын өтеу болып табылады, – дейді мекеме қызметкері.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЛАМАН ҚАЗАҚ ЖЫЛҚЫСЫНЫҢ ДАҢҚЫН АСЫРДЫ

Абай облысының Ақсуат ауданында биыл сегізінші мәрте ұйымдастырылған «Тұғыры биік Тарбағатай!» өнер және спорт фестивалі аясында өткен 140 шақырымдық аламан бәйге, енді Гиннестің рекордтар кітабына енуі мүмкін. Көкпекті ауданынан басталған 140 шақырымдық бұл бәйгеге бұрын 100-ден астам жейірік қатысса, бұл жолы іріктелген 17 тұлпар бақ сынады. Онда мәре сызығын бірінші боп Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданының Егінді ауылынан келген Ерболат Тоқсановтың «Тарпан», атты жейірігі, екінші болып Алматы қаласынан келген Секенай Бөбекбайдың «Байшұбары», үшінші болып Ақсуат ауданы Көкжыра ауылының атынан қатысқан Азғам Сабуровтың «Маңмаңгері» кесін өтті. Жеңімпаздар көлік пен арнайы жасалған кубокқа ие болды.

– Мұны ұлы аламан дейміз. Себебі, 25 шақырымдық аламандарымыз бар. Яғни, бұл олардың ең төресі. Онда жылдамдықты ғана емес, төзімділікті де анықтаймыз. Кейбіреулер оны қашықтық (дистанционный) бәйгеге ұқсатқанымен, оның дүниежүзі бойынша бекітілген өз ережесі бар. Онда әр 20 шақырым сайын жылқыны демалтып, қызуын, қан қысымын, жүрек қағысын өлшейді. Ал Ақсуаттағы ұлы аламанда жылқылар 140 шақырымды тоқтамай шауып өтеді. Оның ережесінде тек шабандозын ғана ауыстыруға рұқсат беріледі. Бұл аламан ата-балаларымыз найзаның ұшы мен жылқының күшімен қорғаған жерде қазанаттардың тұяғы, тегі қалды ма деген максатта өтіп жатыр. Олар шапқыншылық кезінде елдің бір шетіне жау шауып жатқанда 150-200 шақырым жердегі қандастарға көмекке осы аттың күшімен барған. Ол кезде мұндай қашықтыққа жарты күнде, бір күнде жету максат болған, – дейді ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университетінің профессоры, жылқытанушы Қайрат Ихсан.

Сарапшы ретінде шақырылған Қ.Жәлелұлының айтуынша, бұл ұлы аламан бірінші – жылқының төзімділігін, екінші – шабандоздың, яғни қазақ азаматының шыдамдылығын көрсететін сынақ. Қазір оны ұлы аламан деп жатырмыз, негізінде бұған үлкен мәртебе беріліп, оны барлық жерде бір жүйемен өткізуді қарастыру керек. Жалпы, Ақсуат ауданындағы 140 шақырымдық алғашқы ұлы аламан 2019 жылы болған. Қазақ жылқысының мәртебесін көтеру үшін оның алдында Зайсан ауданында да 130 шақырымдық аламан ұйымдастырылды.

– Осыдан үш жыл бұрын 140 шақырымдық бәйгеде мәреден бірінші боп өткен «Қыз жирен» деген тұлпардың көрсеткіші 7 сағат 37 минут болатын. Биыл көрсеткіш 7 сағат 12 минутты құрап, алғашқы көрсеткіш 24 минутқа жаңарып отыр. Қатонқарағайдан келген «Тарпан» атты бұл айғыр Зайсандағы 130 шақырымдық бәйгені 6 сағат 35 минутта шауып өткен. Біз 2019 жылғы аламанды Гиннестер рекордына енгізуге өтінім бергенбіз. Коронавирус індетіне байланысты бұл жұмыс тоқтап қалған еді, енді оны қайта жалғастырып, бұл ұлы аламанды патенттеп, қазақтың қазанаты 140 шақырымға шапты деп әлемге жар салуымызға болады, – дейді жарысты ұйымдастырушы Бәделхан Қамалханұлы. Оның айтуынша, 2019 жылдан бері Көкпекті ауылынан Екпін ауылының атшабарына дейін өтетін бұл бәйге келесі жылы Екпіннен Көкпектіге қарай өтетін болады. Жалпы, бұл шарада 140 шақырымнан бөлек, тай, топ және аламан жарыстар да өтіп, онда топ пен аламанның жеңімпаздары көлік мініп, өзге жүлдегерлер бағалы сыйлыққа ие болды. Ақсуаттағы «Тұғыры биік Тарбағатай» фестивалінің өзге шаралардан басты ерекшелігі оны ұйымдастыруға бюджеттен қаржы бөлінген жоқ. Жеңімпаздарға жүлде тағайындау тек демеушілердің көмегімен жүзеге асып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

РУХАНИ АЗЫҚ

КІТАП КӨРМЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда қалалық пробация мекемесінде Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлері пробация есебіндегі азаматтарға «Жаңа кітаптар әлемі» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

Көрменің мақсаты сотталған азаматтардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және кітапхана қорындағы жаңадан келіп түскен әдебиеттер туралы ақпарат беру.

Көрмеде белгілі ресторатор, Rumi Group-тың негізін қалаушы, бүгінде Shonbay.Online деген онлайн білім беретін университет ашып, дәріс өткізіп, көп жасты қанаттандырып жүрген Қуаныш Шонбайдың «Екінші болма» кітабы, Ник Вуйчичтың «Өмірде шектеу жоқ», Дейл Карнеги «Алансыз өмір сүру құпиялары», Кэмшат Бекжігітованың «Ойыңды өзгерт, өміріңді өзгерт» тағы басқа да жаңа кітаптар қойылды. Кітапхана қызметкері Гүлназия Кенжебаева кітаптар жайлы кең көлемде ақпараттар берді.

«Өзім кітап оқығанды жақсы көремін. Кітап оқу зейінінді ашып, өзінді тануына жол ашады. Бүгінгі шарадан жаңа кітаптар туралы ақпарат білдім. Қазақтың ақын-жазушыларынан Абайдың,



М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Д.Досжан-ның туындыларын сүйіп оқимын. Қазіргі уақытта Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын бастадым. Көрмеге әкелінген кітаптарды да көріп шықтым, психолог Кэмшат Бекжігітованың «Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгерт» атты туындысында өзінді бағалау, ойыңды өзгерту, кешіру, мақсатты айқындау, қа-

рым-қатынасты жақсарту, сабырлы болу, денсаулықты сақтау сияқты тақырыптарға қатысты түрлі кеңестер айтылады. Осы жаңа кітаптарды кітапханадан алып оқитын боламын», – деді есептегі азамат.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша
ҚАЖД

ДЕНСАУЛЫҚ

КҚГҚ АУРУЫНЫҢ ТАБИҒИ ОШАҚТАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ДЕЗИНСЕКЦИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ) – аса қауіпті жұқпалы ауру. Аурудың негізгі тасымалдаушысы – искод кенелері. Бұл ауру кененің шағуы арқылы немесе ауру адаммен қарым-қатынас кезінде қан арқылы беріледі. Ауру көбінесе маусымдық мезгілдерге байланысты, әсіресе, мамыр және тамыз айларында көп кездеседі.

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Конго-қырым геморрагиялық қызбасына қарсы санитарлық қорғау аймақтарында кенеге қарсы көктемгі, күзгі мезгілдерде дезинсекциялық іс-шараларды, ҚР ДСМ 2021 жылғы 12 қарашасындағы №114 «Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізу қойылатын санитариялық-эпидеми-

ологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы негізінде жүргізеді.

2022 жылдың 8 тамыз күнінен КҚГҚ ауруының алдын алу мақсатында Түркістан облысы аумағының санитарлық қорғау аймақтарында залалсыздандыру іс-шаралары басталды. Залалсыздандыру іс-шараларын бастамас бұрын, өңдеу жұмылдыратын мамандар, өңдеу жұмыстарының дұрыс жүргізілуі бойынша аудандық, қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандарының қатысуымен семинар сабақтары жүргізіліп және қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып, улану кезіндегі көрсетілетін алғашқы дәрігерге дейінгі көмек беру жөнінде нұсқадан өткізіледі. Ашық және бұталы-өсінді аймақтарда инсектоакарицидті дезинсекциялық препараттарымен арнайы ОШУ-100 қондырғысы орнатылған автокөлікпен жүргізіледі. Өңдеу жұмыстары жергілікті атқарушы

органның, санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының және ветеринариялық қызмет мамандарының қатысуымен бірлесе жүргізіледі. Санитарлық қорғау аймағындағы атқарылған дезинсекциялық жұмыстарының өңдеуге дейінгі және өңдеуден кейінгі тиімділігін арнайы құрылған комиссия: жергілікті атқарушы орган, санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы, ветеринариялық қызмет, мобильді зоопаразитологиялық топ және филиал мамандарымен анықталынады. Сонымен қатар, алдын ала бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желі арқылы халық арасында Конго-қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу бойынша санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіледі.

А.Қ.СӘУІРБАЙ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»
ШЖҚ РМК «Түркістан облысы
бойынша дезинфекция орталығы»
филиалының энтомолог маманы

ЖАРНАМА

TARATY

3. «MB trade group» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 03.08.2022 ж. хаттамалық шешімімен Серіктестікті тарату туралы шешім қабылданды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: инд. 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 12 ықшамаудан, 5 үй, 14 пәтер.

4. «Lombard «Astana Credit Invest» ЖШС, БСН 180640027642, шағын қаржылық қызметін жүргізу бойынша іс-әрекеттерін өз еркімен тоқтататыны туралы хабарлайды. Сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет: Нұр-Сұлтан қаласы, Тараз көшесі, 6, тел.: 87772910007.

5. «ALTYNBEK.03» ЖШС, БСН 220540020770, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Сейітқасым Әшіров көшесі, 11 үй. Тел.: 87071412003.

6. «Человек и стихия» ҚБ, БСН 991240008297, өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050060, Алматы қ., Тлендиев к-сі, 258 В, телефон: +7777768003.

9. «Жанибекский ветсервис» ЖШС өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс

Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Жәнібек селосы, Иманов көшесі, 106 үй.

11. «Hiretools» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 201140017110, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Абай көшесі, 117 үй, 22 пәтер.

ӨРТУРЛІ

2. «НурДар Инвест» ЖШС Тарату комиссиясы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индексі 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 89, ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды.

Тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және «НурДар Инвест» ЖШС-нің жарғысында бекітілген тәртіппен және мерзіммен жүзеге асырылады.

Кредиторлардың талап-өтініштері «НурДар Инвест» ЖШС-не, тарату комиссиясымен жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі күнтізбелік ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, индексі 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 89.

7. Маңғыстау облысы, Ақтау қаласының №2 соты 12.08.1953 ж.т. Молчанова Зоя Ивановнаның 1953 жылдың 27 маусымында туған азамат Мерзаяв Николай Ивановичті қайтыс болған деп тану туралы өтінішін қарастыруда. Н.Х. Мерзаявтың, 27.06.1953 ж.т., жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Ақтау қаласы, 3 ықшамаудан, 101 ғимарат, тел.: 87758426894, мекенжайы бойынша Ақтау қаласының №2 сотына, судья К.Ж. Акеровеке хабарласуын сұраймыз.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysai.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

БАЙҚАУҒА!

2002 жыл, қазан айының соңы. Бұл Қасымхан Шахмұратовтың облыстық жол полициясы бастығының орынбасары қызметінен облыстық ішкі істер департаментінің жеке тұлғаларға қарсы аса ауыр қылмыстарды ашу бөліміне қызметке ауысқан жылы болған оқиға еді. Бұл бөлімді ішкі істер саласында жігіттер өз тілдерінде «Убойный отдел» деп атайтын. Ол кезде облыстық ішкі істер департаменті криминалды полиция басқармасы бастығының орынбасары, полковник Чжен Андрей Инокентиевич деген ұлты кәріс азамат еді. Қасымхан осы кісінің қарамағына жеке тұлғаларға қарсы жасалған ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу бөлімінің аға жедел уәкілі лауазымына қызметке келген. Бұл бөлімнің бастығы – майор Жұмағалиев Дидар деген жігіт. Қасымханның қасында тапсырмаларға бірге шығып жүретін серігі, әріптестері Жорик деп атап кеткен, майор Сұлтанбеков Жақсылық өз ісін жетік білетін білімді, білікті жедел қызметкер еді. Өмір Жақсылық екеуі бір қылмысты іздетіру жұмыстарымен жүрген. Бірқатар жұмыстарын бірыңғайлап, сағат тоғыздарға таяу үйге қайтты. Үйге келіп, жуынып-шайынып, Өйгерімнің шайына отыра бергені сол еді, телефон безілдей жөнелсін. Серігі Жақсылық екен, «Қасеке, осындай көшедегі, мынадай мекенжайда валюта айырбастау пунктінде бір жас қызды өлтіріп кетіпті, жедел жинап жатыр. Сыртқа шыға беріңіз, кәзір көлікпен сізге соғамын», – деді. Бір кесе шайын асығыс жүре ішті де, киініп сыртқа шықты. Қызылорда қаласындағы бұрынғы Карл Маркс, кәзіргі Әйтеке би көшесінің М.Төлебаев көшесімен қиылысқан жерінде, «Қазақтелеком» деген мекеменің түбінде валюта айырбастау пункті болатын. Оқиға осы жерде болған. Бұлар келгенде тиісті қызметкерлер, сот-дәрігерлік сараптама қызметкерлері де келіп жатыр екен. Криминалды полицияның бастығы, полковник Сыпаев Талғат деген азамат, орынбасары Чжен Андрей Инокентиевич, жедел қызмет істері жөніндегі департамент басшысының бірінші орынбасары, полковник Ғалымжан Ахметов, қалалық полицияның басшылары бәрі келген. Оқиға болған жерді полиция қызметкерлері қоршап тұр. Қасымхандар аса ауыр қылмыстарды ашу бөлімі қызметкерлері болғандықтан, ішке кірді. Тергеушілер, криминалистер келіп, оқиға орын алған жердің сызбасын жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Қасымханның көзі мойытқа түсті. Өлтірілген жиырмадан енді ғана асқан, әрі кетсе, жиырма бір-жиырма үш жастағы қыз бала екен. Ақ құбаша келген, қара шашы нығына төгілген, қасы-көзі қиылған алтын асықтай қазақтың қызы. «Ойпырай, біреудің алақанына салып, аялап, өсіріп отырған қызы-ау, ата-анасы зарлап қалды-ау, өлімге қиятын бала емес қой!» – деді Қасымхан іштей жүрегі езіліп. Денесінде айтарлықтай белгі жоқ, жаракат, соққының ізі білінбейді. Сол жерде қыздың денесі сот дәрігерлік сараптамаға жіберілді.

Шағын екі бөлме, төрт бөлменің төр жағында темір сейф тұр, аузы ашық қалған. Ішіндегі ақша алынған. Ол кезде бейнекамера жоқ, күзеттің дабылы бар, бірақ ол дабыл ажыратылған екен. Қыз бір өзі отырады, есікте темір тор бар, бөтен адам кірмейді. Ақша ауыстырушылар сырттан кішкентай терезе арқылы сөйлеседі, ол терезеде де темір тор ұсталған. Яғни, ішке ешкім кіре алмайды, ақшаны алып кететін инкассаторлар үшін кішкентай темір торлы есік, ол да ішінен жабылады. Ештеңе сыныбаған, дабыл қосылмаған, қылмыскер еркін кіріп тұр. Ол кезде қалта телефонның біздің өмірімізге толықтай ене қоймаған кезі. Барлық жерде қалааралық телефон байланысы. Қасымханның кіреберіс бөлмеде темір торлы терезенің қасында тұрған шағын үстелдің үстіндегі қалааралық телефон аппаратына көзі түсті. Сол жерде тиісті мамандар қыздың телефон арқылы соңғы рет кіммен сөйлескенін анықтауға кірісті. Қасымхан бар, басқа да маман қызметкерлер бар, оқиға орын алған жерді бүге-шігесіне дейін зерттеп, «Қылмысты қыздың таныстары істеген, қызды өлтірген өзінің жақын таныстары, өзі сенетін адам» деген қорытындыға келді. Оның үстіне түнгі мезгіл емес, кешкі уақытта жасалып тұр. Ақша ауыстыру пункті сағат жетіде жабылып, қызметкер қайту керек. Оқиға сағат алтыларда, яғни жұмыс күнінің аяғындағы алас-қапас шақта жасалған.

Сонымен, арнайы іс қозғалып, тергеу жұмыстары басталып кетті. Бұл қылмысты зерттеу де оңайға соқпайын деп тұр, себебі қолға ұстап тұрған нақты дәлел-айғақ жоқ. Тергеушілер сол жердегі көршілерден, тұрғындардан жауап алып жатыр, кім не көрді, не байқады деген сияқты. Валюта ауыстыру пунктінің егелері де шақырылды, олардан қыздың қандай таныстары бар екендігі, кімдермен қатысатыны, бұл жерде қашаннан бастап істеп жатқандығы сұралды. Бұл жерде қыздан бұрын кім істеді, олардың қандай таныстары болды, ол да зерттелді. Бір жай анық еді, қылмыс аса тәжірибелі қанды қол қарақшының қолымен жасалған. Өйткені еш жерде белгі қалмаған, аяқтың ізі де жоқ, бөлмедегі жадықтарда, қыздың денесінде қолдың, саусақтың ізі жоқ. Қылмыскер өзінің соңында ешқандай із қалдырмаған.

Зерттеу, іздетіру жұмыстары жүріп жатыр, түрлі болжамдар алға тартылуда. Валюта айырбастау пунктіндегі телефонға соңғы рет кім қоңырау шалғанын білу үшін соғылған телефон қоңырауларының тізімі алдырылды. Ең соңғы рет қыздың телефонына бірнеше қоңырау түскен. Соның бірі Тасбөгет қыстағынан 37-4-21 деген нөмірден 14 сағат 27 минутта қоңырау соғылыпты. Ал, бұл кім, мекенжайы қандай, анықтау керек. Зерттей келе, телефон Тасбөгет қыстағындағы Өзбекстаннан көшіп келген оралмандар уақытша тұратын барак үйден соғылғаны анықталды. Өлгі баракта



Өзбекстаннан, Тәжікстаннан келген бірнеше оралман отбасылары тұрады екен. Осы Тасбөгеттен соғылған қоңырау иесін зерттеуді басшылар Қасымхан мен Жақсылыққа тапсырды. Қасымхан мен Жақсылық іске кірісіп кетті, Тасбөгет қыстағына келіп, әлгі барақ үйді тауып алды. Сөйтсе, бұл жатақхана секілді үй екен, дәлізде, есіктің алдында кезекші вахтер отыр. Үйде жиырма шақты отбасы тұрады. Дәліздегі вахтердің қасында бір ғана телефон бар, онымен күніне әлгі баракта тұрып жатқан қаншама адам сөйлесетіні белгілі болды.

Кезекші-вахтер орта жастағы әйелден қоңырау соғылған уақытын айтып, осындай уақытта осы жерден кімнің телефон соққанын сұрады. Вахтер біраз ойланyp, соңғы рет телефонды пайдаланған оншақты адамның атын айтты. Қасымхан мен Жақсылық олардың толық аты-жөнін жазып алды. Сол оншақты адамды кезек-кезек шақырып, жауап ала бастады. Алғашқы шақырылған бес-алты адамның валюта айырбастау пунктіндегі қыздың өліміне қатысы болмай шықты. Олар күнделікті шаруаларымен, тіршіліктерімен таныстарына, туыскандарына телефон соққаны белгілі болды. Бұған бір аптадай уақыт кетті, келесі күні шақырумен оралман, үш баласы бар келіншек келді. Қаза болған қызға, валюта айырбастау пунктіндегі қызметкері Қайырғалиева Эльвираға телефон соққан осы келіншек болып шықты. Яғни, қылмыс болардан үш-төрт сағаттай бұрын, сағат 14.27-де қызбен телефон арқылы сөйлескен. Аға жедел уәкілдер Алдамжаров Нұрлан мен Ахметов Ғалымжан келіншекпен кенірек сөйлесті. 2001 жылы Өзбекстаннан келген Әбілханова Гүлшахар Есбосынқызының – екі қыз, бір ұлы бар. Орта бойлы, қараторының әдемісі, күйеуі жоқ. Келіншектің келбетінен, көңіл-күйінен ешқандай қорқыныш, үрей болмаса әбержу байқалмайды. Бірақ ақша ауыстыру пунктіндегі қызбен сөйлескенін растап отыр: «Иә, сөйлестім, ақша алдым», – деді.

Келіншектің таныстарына, оны білетіндерден сұрастырып, зерттей келе, бұл келіншектің көңілдесі бары анықталды. Ол да оралман, Тәжікстаннан келген. Бірақ күдік тудырмас үшін, оның көңілдеcін шақырған жоқ, келіншекке білдірмей, оралман болып қашан келді сырттай тексере берді. Тіркеу қағаздарын көтертті, жеке іс қағаздарын, басқа да рәсімделген құжаттарын қарады. Бұл жерде Қасымханның бұрын көші-қон полициясында істегенінің қол септігі тиді. Оқиға азаматтармен тікелей сөйлесіп, әлгі оралман жігіттің жеке ісін көтертті, сөйтіп, ол туралы біраз жайға қанықты. Жан-жақтан жиналған зерттеу мәліметтерін сарапқа салғанда Гүлшахар Есбосынқызының көңілдеcі Андрей есімді бұл жігіт таза қасак емес, орысқа шағысы бар, әскери офицер болып шықты. Исмағұлов Андрей Всеволодович Ауғанстандағы соғысқа қатысқан, Ауған-тәжік шекарасында болған, Тәжікстандағы қақтығыстарға қатысқан, арнайы бөлімде (спецназ) қызмет еткен офицер екені, «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденінің иегері екені анықталды. «Мәссаған безгелдек, ал, керек болса!» – деді жігіттер әлгінің құжаттарын қарап отырып. Мынадай мәліметтермен танысқаннан кейін, Қасымханның ойына алғаш қылмыс орын алған жерге барғанда тиісті мамандармен бірге «Бұл қылмысты істеген жай адам емес, бұл арнайы біліктілігі бар, тәжірибелі қандықол қарақшының ісі, артында ешқандай із қалдырмаған, қыздың денесінде де саусақ танбалары жоқ» – деп қорытынды жасағандары келе қалды. Оның үстіне бұл кезде сот-дәрігерлік сараптама қорытындысы бойынша белгілі болғандай, қыздың мойын омыртқасы сынғаны анықталды. Яғни, қылмыскер қызды қан шығармай, сыртқы дене жаракатын салмай, мойын омыртқасы сындырып, жұлынын үзіп жіберген. Нәп-нәсік өрімдей қыздың қандықол қарақшыға қарсы тұратын қауқары қайда, сол сәтте тіл тартпай кеткен.

Мәселенің беті ашылғандай еді, бірнеше күдіктіні елеп, екшеп, сараптағанда, барлық күмән-күдік оралман Гүлшахар Есбосынқызы мен оралман офицер Андрейде қалды. Қалай болғанда да қылмысқа нақ осы екеуінің қатысы бар. Бірақ бұл да әлі болжам, логика, түйсік, енді бұны дәлелдеу керек. Расында қызды өлтірген Андрей болса, оны дәлелдеу, мойындату оңайға соқпайтынын жігіттер білді. Зерттеу жалғаса берді, Андрейге де, Гүлшахарға да анду қойылды, әңгімелерін

тыңдау ұйымдастырылды. Қайда барды, кіммен жолықты, не сөйлесті – бәрі есепке алынды, бірақ ешқандай күдікті, күмәнді әрекет байқалмайды. Өстіп жүргенде бір айдай уақыт өтті. Қылмыстың зерттелуі жоғары басшылықтың бақылауында, олар күнде сұрап отыр. Ендігі жерде уақыт өткізе берудің пайдасы жоқ екені белгілі еді. Бұлардың ең осал тұсыын тауып, шабуылға шығу керек болды. Сонымен Андрей де тергеуге шақырылды. Бұл жұмыспен айналысып жатқан негізінен Қасымханның бөліміндегі жігіттер, аса ауыр қылмыстарды ашу бөліміндегі Жақсылық-Жорик, Алдамжаров Нұрлан, тәжік-ауған шекарасында болған Датаев Ислам, тағы басқалар – барлығы да сайдың тасындай «Сен тұр, мен атайын!» дейтін азаматтар еді. Датаев Ислам Андреймен жұмыс істеп жатыр, тәжік-ауған шекарасында қандай әскери бөлімде болды, кімдерді таниды, тағы басқа жайларды сұрап, сөзге тартып, қалайда қажетті мәлімет алуға жұмыс жүргізуде. Ал, Қасымхан мен Жақсылық Гүлшахармен жұмыс жүргізді.

Бірақ әлі қолға ұстайтындай дерек шықпай тұр. Андрей мызғымайды, саспайды. «Менің бұл қылмысқа ешқандай қатысым жоқ», – деген бір сөзінен танбайды. Жігіттердің тынымсыз еңбегінің нәтижесінде Гүлшахар біраз жайтты айтты. Оның Эльвирадан қарызға ақша алғаны белгілі болды. Бірақ оның өліміне қатысы жоғын айтып азар да безер болады. Дегенмен, ол Эльвираны кім өлтіргенін білетін сияқты, тек шындықты айтайп отыр. «Иә, ақшасын беріп кеттім, одан кейін не болғанын білмеймін», – дейді.

Бірақ Эльвира мен Гүлшахардың телефонмен сөйлескені, қылмыс болған уақыты, басқа да жайлар бәрі-бәрі қызметкерлердің болжамдарымен сәйкес келіп жатыр. Жігіттер онымен жұмыс жүргізуді жалғастыра берді. Осы екі арада Қасымхан жеке тұлғаларға қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу бөлімінен жедел іздетіру бөліміне ауысып жатты да, Гүлшахардан жауап алу жұмыстарын Жақсылық пен көріс Чжен жүргізді. Бір күні Чжен Қасымханға: «Қасеке, біз одан соңғы күндері қатанырақ жауап алдық, енді сіз онымен өз әдісіңізбен сөйлесіп көріңізші», – деді. Чженнің өз әдісіңіз деп отырғаны – Қасымхан қанша уақыт полицияда жүрсе де, ешкіммен дәрекі, қысым көрсетіп сөйлеспепті. Жауап алып отырған адамымен жаймен, ішіне кіріп сөйлесіп, оның кінәлі екеніне көзін жеткізіп, оған бұлталақтауға жол қалдырмайтын. Сосын, амал жоқ, алдындағы адам кінәсін мойындап, бұған бар сырын, шынын айтып, бұдан көмек сұрайтын. Адамдармен сөйлесудің бұндай әдісін практикада көп адам қолдана бермейді. Сонымен Чженнің әлгіңдей ұсынысынан кейін Гүлшахармен өзі сөйлесті. Қасымхан жауап алу бөлмесіне келгенде, Гүлшахардың көңіл-күйіндегі өзгерісті бірден байқады. Бұрынғыдай емес, өзіне көзі жаудіреп, үркектей қарайды, бұдан көмек күтетіндей сыңайлы, жүні жағылып, салы суға кетіп қалған екен. Сурақ-жауап әңгімесінің үстінде өзінен-өзі ашылды.

– Жағдайыңыз қалай? – деді Қасымхан жылы жүзбен.

– «Жағдайымды көріп отырсың ғой» дегендей, ол үндемеді, төмен қарады.

– Өмірде түрлі жағдайлар болады, адамдар қателеседі, сол қателіктен өмір бойы зардап шегетіні де анық. Бірақ сол қателікті дер кезінде жөндеуге тырысса, адам бойындағы ауыр жүктен жеңілдейді. Сондықтан қаншалықты ауыр болса да, шындықты айту керек. Орын алып отырған қылмыс ауыр, қылмыстың ашылуына көмектессен, сізге де көмек болады», – деді Қасымхан.

Үнісіз, төмен қарап отырған келіншек басын көтеріп алды.

– Маған көмектесіңізші, аға, менің кінәм жоқ», – деді сосын жалынышты кейіпте.

– Кінәсіз адам бұл жерде отырмайды, мен қалай көмектессім, сен шындықты айтайп отырсың? – деді Қасымхан.

– Айтам, аға, оны өлтірген мен емес, бірақ кім өлтіргенін білемін. Құдай үшін көмектесіңізші, менің үш балам бар, мен түрмеге кетсем, олардың жайы не болады? – деді келіншек көзінен жасы моншақтап.

– Бала бәрімізде де бар, балаларыңды ертерек ойлануың керек еді, Эльвираны қайдан танысың, оны кім өлтірді, қалай өлтірді, асықпай барлық жағдайды айт. Сол кезде

мен саған көмектесемін, көмектескенде сен бәрібір жазасың қалмайсың, дегенмен, сенің жазанды жеңілдетуге бар күшімды саламын», – деді Қасымхан.

– Аға, бұл Андрейдің ісі, ол ештеңеден тайынбайтын қанішер, мен одан өзім де қорқамын. Эльвирамен осындай жерде танысқанмын, кейін ол маған көмектесті, – деп әңгімесін бастады ол.

Оның айтуынша, Эльвирамен осыдан бір жыл бұрын танысқан екен. Қай кезде де мәселенің бәрі ақша жетіспеуінен туындайды емес пе? Ақша айырбастау пунктіндегі Эльвирамен танысқаннан кейін Гүлшахар оған өзінің жағдайын айттады. Өзбекстаннан келгенін, Тасбөгетте уақытша үйде тұрып жатқанын, үш баласы бар екенін, квотамен берілетін үйдің, жердің қашан берілетіні белгісіз екенін айттады. Еден жуатын, ыдыс-аяқ жуатын жұмыс болса да істеп, ақша тапқысы келетінін де жасырмайды. Сонда ақша айырбастау пунктіндегі қыз бұған жаны ашып: «Сен маған аптасына екі-үш рет соғып, мына бөлменің ішін тазалап, еденін жуып тұр. Мен мүмкіндігінше көмектесейін», – дейді. Сонымен Гүлшахар аптасына бір-екі рет барып, екі бөлменің ішін тазалап, еденін жуып беріп кетіп жүреді. Эльвираның әбден сеніміне кіреді, ол да бұған сеніп, арасында азын-аулақ ақша беріп, көмектесіп тұрады. Сөйтіп жүргенде бір күні «Бір жұмыстарға керек болып тұр еді», – деп Эльвирадан жүз доллар көлемінде ақша сұрап алады. Ақ көңіл жас қыз сұраған ақшасын береді. Тағы бір күні екі жүз доллар сұрап алады. «Өте қажет болып тұр, жақында қайтарамын», – деп өтініш айтқан соң, Эльвира тағы береді. Бірақ ол алған үш жүз долларын айтқан уақытында қайтара алмайды. Бір күні Эльвира: «Мен басқа жұмысқа ауысайын деп жатырмын, үш жүз доллар ақшаны орнына қойып, егесімен есептесуім керек, тездетіп қайтар», – дейді Гүлшахара.

Үш жүз доллар деген ол кезде біраз ақша, үш баласы бар, өзі жұмыссыз оралман әйел қайдан тауып берсін. Қиналады, әрі ойланып, бері ойланып, көңілдеcі Андрейден көмек сұрайды.

– Ақшаны қашан қайтаруың керек? – деп сұрайды Андрей.

– Ол басқа қызметке ауысамын, бастығыммен есептесуім керек, тез арада қайтар деді.

– Қашан ауысады екен?

– Анық білмедім, жақын арада ауысады-ау, сірә.

– Мен сөйлесіп көрейін, мүмкін шамалы күтер.

– Ол күтпейді, онсыз да мен оның қарызын біраз кешіктірім.

– Оқасы жоқ, ондай жағдайлар болады, мен сөйлесейін, ақшанды тауып беремін деп айтайын.

– Сөйлесіп көр, бірақ ақшасын тауып беруім керек.

– Тауып береміз ақшасын, мен сөйлесейін алдымен. Сен оған айт, осындай ағам барады деп ескертіп қой. Мен жұмысына кіріп сөйлесейін.

– Жоқ, ол жұмысына ешкімді кіргізбейді.

– Сені еш, сені де кіргізбей ме?

– Мені кіргізеді.

– Онда екеуміз барамыз, сен ақшанды әкелдім де, сосын кіріп сөйлесейік.

– Ақшамыз қайда оған, өтірік айтамыз ба?

– Өтірік айтпаймыз, кіргесін шамалы уақыт күтпейміз, ол жағын уайымдама, мен өзім сөйлесемін», – дейді Андрей.

Осылай келісіп, екеуі баратын болады. Қылмыс болатын күні сағат кешке алтты жарымның кезінде екеуі ақша айырбастау пунктіне келеді. Бірақ Гүлшахардың жүрегі бірдеңені сезгендей, алға басқан аяғы кейін кетіп, өзінен-өзі зорлағандай әрең келеді. Кешкі жұмыс аяғы, адам жоқ екен. Кішкентай терезенің алдына келіп, тілдесті: «Ақшанды әкелдім, есігіңді апасың ба?» – деді Гүлшахар. Эльвира қуанып кетті: «Ой, жақсы болды ғой, қазір, апай», – деді де, тез барып, есіктің темір торын, сосын сыртқы есікті ашты. Гүлшахарды ішке кіргізіп алып, қарыз ақшасын алып, жақын араласып жүрген адамдар болғасын, бір-екі ауыз жағдайын сұрап, әңгімелесуді де ойлады. Міне, есік ашылып, Гүлшахар ішке кіріп келе жатыр, артынан Андрей де қоса кірді. Орта бойлы, мығым денелі, төртпақ келген, түрі қазаққа келе бермейтін, көкішіл көзді, түсі сұықтау кісіні көргенде, Эльвира секем алып қалды. «Ағай, сіз сыртта күте тұрыңыз», дегенше болған жоқ, Андрей қолында ұстап

келе жатқан салапан қалтаны Эльвираның басына қиғізді де, басын кілт еткізіп, бұрап қалды. Нәп-нәзік қыздың әлсіз ғана ауыр-сынған дыбысы шықты. Андрей оны басынан ұстаған күйі кіреберіс бөлмеден сүйреп, төргі бөлмеге алып барып, еденге жатқызды. Оның шалт қимылдағаны соншалық, осының бәрі қас қағым сәтте болды. Бұл кезде Гүлшахардың қорыққаннан тілі байланып қалып еді. Сұмдық оқиғаға қуа болғанын ол сәлден кейін есін жиып барып білді.

– Сен не істедің?! – деді Андрейге өңі ақ шүберектей болып.

– Үндеме! – деді Андрей.

Бұл кезде ол қолында қолғап, сейфті ашып, ондағы бар ақшаны алып үлгірген еді. Жан-жағын жіті қарап шықты да, қыздың басындағы салапан қалтаны алды. Оған қолындағы ақшаны салды да, дабылды өшіріп: – Кеттік! – деді сілейіп тұрған бұған.

Екеуі шықты да, есікті сыртынан жауып, көшеден таксиге отырды да, ғайып болды.

Гүлшахар Қасымханға осының бәрін көз жасын көл қылып отырып айтты...

Бұл кезде Андреймен де жұмыстар жүріп жатты. Бірақ ол бір сөзінен танбайды. Шашы ағарған, төртпақ келген, шомбал қара жігіттің оң жақ қарында інemen жарашан «Никто кроме нас!» деген жазу мен парашюттің суреті тұр. Бұл – арнайы отрядта қызмет істейтін десанттық әскери бөлімнің девизи. Гүлшахар тергеу барысында Андрейдің үйде қару ұстайтынын, тіпті гранат та бар екенін айтқан. Оларды өзінің жалдап тұратын пәтерінде, үйдің қабырғасындағы арнайы орынға қойып сақтайды екен. Жігіттер барып, үйде тексергенде, расында үйден екі «Ф-5» маркалы танкке қарсы қолданылатын гранат шықты. Андрейдің тірлігі Белікөл жаққа келіп тұрады екен, сол жерде автоутрактарда Өзбекстаннан, Тәжікстаннан келген, түрлі жүк тиіп алып бара жатқан жүк көліктерін Ресейге шығарып салады. Оларды сол кездегі рекеттерден, бандылардан қорғап, тиісті ақшасын алып қайтады.

Андрейдің қызды өлтіргенін Гүлшахар айтып тұрғанымен, оны мойындату қиынағ айналды. Гүлшахар өзі де: «Оны мойындата алмайсыңдар, ол ештеңеден қорықпайды, жауыз қанішер, мен айтты деп айтпаныздар. Егер ол менің айтқанымды білсе, мені қалай болса да өлтіріп жібереді», – деген. Сонымен Андреймен жұмыс тағы да созылды. Бір күні Қасымхан қамараға өзі кірді, не дегенмен адам қанша мықты болғанмен, ол да ет пен сүйектен жаралған пенде ғой, тергеу, жауап алу жұмыстары қажытқаны байқалады. Бірақ сонда да өз ұстанымынан қайтпайды, көкішіл көздері от шапты тұр.

– Сен өзіңді де, бізді де қинамай, шыныңды айтсайшы», – деді Қасымхан. – Біз бәрін біліп отырмыз, бірақ өз аузыңнан естігіміз келеді.

– Қалай білдіңдер?

– Әбілханова Гүлшахар Есбосынқызы барлық болған жағдайды бастан-аяқ айтты. Қалай кіргендерінді, қалай өлтіргенінді – бәрін айтты. Сондықтан ендігі ерегістен пайда жоқ», – деді Қасымхан.

– Ах, сұмқа, мен бәрін сол үшін істедім ғой! – деді ол тістеніп.

– Солай болып тұр, сенің немен айналысатыныңды да айтты. Белікөлдегі сенің қаруларыңды, гранаттарыңды да тауып алдық», – деді Қасымхан.

Ол басын көтеріп, жалт қарады.

– Белікөлдегі ақшаны да таптыңдар ма?

– Иә, тығып қойған жеріңнен ақшанды да тауып алдық», – деді Қасымхан. Бірақ бұл кезде оның тыққан ақшасын Қасымханның жігіттері әлі таба алмай жүрген. Оның «Белікөлдегі ақшаны да таптыңдар ма?» – деген сөзінен Қасымхан оның ақшаны Белікөлдегі пәтеріне тыққанын білді, дегенмен үйде қай жерге тыққаны әлі белгісіз еді. Бірақ Қасымхан: «Иә, тыққан жеріңнен ақшанды да тауып алдық», – деп өтірік айтты.

– Су болып қалмап па, бүтін бе екен? – деді ол.

– Жоқ, су емес, әдемілеп тыққан екенсің, жақсы сақталыпты», – деді Қасымхан.

Сол кезде барып Андрей сылқ түсті.

Оның: «Су болып қалмап па, бүтін бе екен?» – деген сұрағынан кейін Қасымхан оның ақшаны судың ішіне тыққанын білді. «Тақ, қай жерде су болады, ванна, әжетхана, асхана, ох, дұрыс!» – деді Қасымхан ішінен. Сосын дереу сыртқа шығып, Андрейдің пәтеріне тінту жүргізіп жатқан жігіттерге телефон соқты. «Жігіттер, әжетхананың су жиналғанын жоғарыдағы шаугімің қарандаршы», – деді. Көп ұзамай-ақ олар хабарласы. «Қасеке, ақша сол жерде, әжетхананың су жинайтын шаугімінде тұр екен, целлофан қалтаға орап салыпты», – деді жігіттер.

– Өлсем де, мойындамаймын деп едім, бәрін білген екенсіңдер ғой, бәрін тапқан екенсіңдер ғой», – деді ерні кеберсіп Андрей.

– Иә, бізге бәрі белгілі, сондықтан енді өзіңді қинама, қайтесің, болар іс болды, шынына көш», – деді Қасымхан.

– Талай жердің қызыл жағалысын көріп едім, бірақ осы уақытқа дейін Қызылорданың полициясындай полицияны көрмедім, су берші брат», – деді Андрей кеберсіген ернін тілімен жаалап...

Міне, оралманның ойраны осылай аяқталып еді. Қылмыскер Андрей де, оның сыбайласы Гүлшахар да жазасын алды. Бірақ біреудің үкілеп өсіріп отырған өрімдей қызы бұл өмірге енді қайтып келмейді. Бұл қасірет, бұл қайғы! Бауыр еті баласынан ай